

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА – АҚШ САЙЛАУЫ

2

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ...

5

БАЛАЛАР ЛАГЕРІ



ОҚУШЫЛАР ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

7

КӨРМЕ

«АРТЫҚ БІЛІМ – КІТАПТА...»

Алматыда «BookVibe» кітап көрмесі өтті

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «BookVibe» көрмесі өтті. Бұл – Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін әдебиет әлеміне саяхаттауға, танымал авторлармен кездесуге тамаша мүмкіндік берді. Іс-шара аясында кітап алмасу алаңы ұйымдастырылды.

Бұл көрменің мақсаты – «BookVibe» жобасының бірегей мүмкіндіктерін көрсету және жастардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту. Жалпы, іс-шараға 30-ға жуық кітап баспасы қатысты. Тұрғындарға кітаптарын ұсынған баспалар ең үздік шығармаларды көрмеге қойды. Кітап көрмесіне жастар саясаты басқармасының өкілдері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бекнұр Сейітжанұлы, мәдениеттанушы, журналист, жазушы Юрий Серебрянский және басқа да кітап авторлары қатысты.

Қазіргі уақытта жастарымыздың арасында кітап оқушылар саны азаюда. Сол себепті, мұндай іс-шаралардың өтуі өте орынды. Меніңше, көбіне жастарымыз шетелдік әдебиетті оқиды. Ол әрине, жақсы алайда өзіміздің де көркем әдебиетті насихаттауымыз керек. Кітап авторларымен кездесудің де өз мәні бар. Кейбір адамдар өздері оқыған кі-

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №43 (6494) 28 мамыр, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНА БАҚЫТЫ

Әлеуметтік осал топ өкілдері пәтерлі болды



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Наурызбай ауданының «Шұғыла» ықшамауданында орналасқан «Alem City-2» тұрғын үй кешенінде салынған 3 үйден бірінші болып халықтың әлеуметтік осал тобында (ХЭОТ) кезекте тұрған тұрғындарға 124 пәтердің кілті табыс етілді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен биыл шаһардың коммуналдық тұрғын үй қорынан «халықтың әлеуметтік осал тобын» құрайтын тізімде тұрған азаматтарға кезек тәртібімен 2000 арендалық пәтерді ұсыну жоспарланып отыр. Айтарымыз, 2024 жылы кезекте тұрған жетім балалардың 16 пайызының тұрғын үй мәселесі шешіледі. Алматы әкімдігі ХЭОТ санаттағы адамдарды, атап айтқанда, жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударады.

Салтанатты іс-шараға Наурызбай ауданының әкімі Нәзира Тоғызбаева қатысып, пәтер иелерін құттықтап, осындай іс-шаралар әлеуметтік тұрақтылық пен баспанаға аса мұқтаж азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ете келе, қаланың барлық тұрғынына қолайлы жағдай жасауға бағытталғанын атап өтті. Көптен күткен қуаныштан алабұртқан шаһар тұрғындарының алғашқы тобына пәтер кілтін салтанатты түрде аудан әкімінің өзі тапсырды. Бұл күні баспаналы болған жұртшылық өкілдері қала әкімшілігіне, аудан басшылығына алғысын жаудырды.

6

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.05.2024

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-3, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

29.05.2024

Түнде:



+14+16 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

www.almaty-akshamy.kz



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



таптың авторларын білмей жатады. Ал бүгін олар автормен танысып қана қоймай, өзіне қызықты сұрақтарға жауап алады. Кеңес Одағы кезінде Алматы кітаптың астанасы болған. Ол кезде кітап оқушылар саны көп еді. Енді біздің алдымызға қойып отырған мақсатымыз сол атақты қайтару. Бұған дейін де «Kitap fest» жобасын ашқан болатынмын. «BookVibe» кітап әлеміне жаңа серпін береді деп сенемін, – деді Бекнұр Сейітжанұлы.

Жалғасы 12-бетте.





САРАПТАМА

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА – АҚШ САЙЛАУЫ

Саяси текетіресте кімнің бәсі жоғары болады?

Биыл 5 қарашада өтетін АҚШ-тағы президент сайлауына әлем көз тігіп отыр. Себебі, оның нәтижесі тек елдің ішкі саясатына ғана емес, халықаралық қатынасқа, әлемдік саясатқа әсер етеді. Бұл жолы Джо Байден мен экс-президент Дональд Трамп арасында саяси реванш болуы мүмкін. «Кім үміткер болады?» деген сұраққа соңғы нүктені республикалықтар мен демократтардың алдағы партиялық съездері қояды. Ендеше, биылғы ең негізгі сайлау төңірегінде ой өрбітсек.

Көзқарасы әртүрлі біртұтас ұлт

Джо Байден мен Дональд Трамп арасында негізгі мәселелер бойынша ұстанымдар әртүрлі. Бұл қоғамның барлық салада түрлі көзқараста екенін көрсетеді. Сырттай қарағанға америкалық қоғам бір-бірімен араз, іштей бөлінген ұлт сияқты көрінеді. Дегенмен, америкалық демократияның ерекшелігі де осында. Көзқарасы әртүрлі болғанымен, біртұтас ұлтты құрайды.

Сайлаушылар мән беретін 5 негізгі мәселе бойынша үміткерлердің пікірі төмендегідей:

1. Сыртқы саясат. АҚШ-тың сыртқы саясаттағы негізгі бағыттарына Украина, Израиль, НАТО және Қытай кіреді.

• Байден Украинаға кеңесті қолдайды және оның көлемін арттыруға уәде берді. Ал Трамп керісінше Ресей мен Украинаны келіссөзге келуге шақыруда;

• Израиль бағытында Байден Газаға қарсы әрекеттерін сырттай қолдағанымен, премьер-министр Б.Натаньяхуды Газадағы бейбіт азаматтарды қорғай алмады деп айыптап отыр. Ал Трамп Израильдің әрекеттерін толық қолдайды;

• Байден НАТО альянсын нығайту мен оның ықпал ету аймағын арттыруды қолдап жатыр. Ал Трамп керісінше, НАТО елдің экономикалық шығыны деп атап сынаған;

• Байден Қытаймен байланысты сақтауға тырысуда. Бірақ сонымен бірге импорт тауарларға салық мөлшерін көбейтті. Ал Трамп жана сауда соғысын бастауға мүдделі. Сонымен қатар, Тайвань мәселесінде табандылық танытуға уәде беріп отыр.

2. Демократия. Байденді демократиялық құндылықтарды қорғаушы дейді. Ал Трамптың келуіне көптеген америкалық құқық қорғаушылар, журналистер қарсы. Себебі, ол алдыңғы президенттік мерзімінде БАҚ құқықтарын шектеумен айналысқан.

3. Иммиграция. Байден Мексикамен арадағы шекара дауын реттеуге тырысады, ал Трамп керісінше арадағы дуал мәселесін соңына дейін жеткізуге уәде берді.

4. Климат. Байден жасыл экономикаға көшуді қолдап, отандық электромобиль өндірісін дамыту мақсатында заң қабылдап, оны ары қарай дамытпақ. Ал Трамп керісінше электромобильге көшуді тоқтатып, мұнай және газ, көмір өндірісін қолдамақ. Сонымен қатар, экологиялық Париж келісімінен қайтадан шығуды жоспарлап отыр. Еске сала кетейік, Трамп АҚШ-ын Париж келісімінен шығарған, кейін Байден келіп қайтадан осы шартқа қосылып еді.

5. Аборт. Бірнеше жылдан бері АҚШ-та әйелдердің аборт жасауға құқығы мәселесі үлкен дауға айналды. Трамп бұл заңға қарсы болса, Байден екі ойлы.

Көп жағдайда бұл мәселелерге қатысты демократиялық, әлде республикалық партияларды қолдайтын-дардың пікірі ескеріледі. Алайда, біз ескере бермейтін, болашақта ықпалды болуы мүмкін үшінші тарап бар.



(Дереккөз «reuters.com»).

Тәуелсіз сайлаушылар кімдер?

Демократиялық партиядан Жо Байден мен республикалық Дональд Трамп негізгі үміткер болғанымен, үшінші тараптан да үміткерлер тіркелген. Оларға тәуелсіз үміткерлер Роберт Кеннеди және Корнел Уэст, жасылдар партиясынан Джилл Стайн жатады. Бірақ бұлар сайлауда жеңіске жетеді дегенге сену қиын. Себебі, екі партия сайлаушыларға ықпалдырақ, әрі қаржылай, әкімшілік жағынан мықты.

АҚШ-тағы сайлаудың тағы бір ерекшелігі биліктегі екі партияның тарихи қалыптасқан қолдаушылары бар. Тарихи факторға байланысты кейбір штаттар белгілі бір партияны қолдайды. Бірақ нақты бір партияны қолдамайтын құбылмалы штаттар да бар. Биыл олардың саны жетеу: Аризона, Невада, Пенсильвания, Солтүстік Каролина, Висконсин. Негізгі бәсеке осы штаттар үшін жүреді.

Құбылмалы штаттардан бөлек, ондай сайлаушылар да бар. Бірақ олардың дауысы ешнәрсе шешпейді. Тіпті, АҚШ-та тікелей сайлау болмағандықтан, халықтың басым көпшілігі сайлауға ықпал етпейді деуге болады. Себебі, онда өкілді демократия қалыптасқан. Әр штаттың өкілдері президентті таңдайды. Сайлауда халықтың көп дауысын алған үміткер жеңілуі де мүмкін. Мысалы, 2016 жылы Хиллари Клинтон Трамптан көп дауыс жинаған. Алайда, өкілдер саны бойынша Трамп 304, ал Клинтон 227 дауыс алған.

Сайлаушылардың дауысы президент сайлауында маңызды болмағанымен, алдағы өкілдерді сайлауға ықпал етеді. Сондықтан олардың не қалайтыны туралы білу қажет. Reuter ба-сылымының талдауына сүйенсек, тәуелсіз сайлаушылар демократтар мен республикалықтарға қарағанда жастау. Олардың 36%-ы – миллениалдар (1981–1996 ж.ж.), 26%-ы – Z ұрпағы (1997–2012 ж.ж.).

Тәуелсіз сайлаушылардың тағы бір ерекшелігі, олардың басым көпшілігі, яғни 74%-ы жоғары білімі жоқ азаматтар. Қалған 26%-ы жоғары, жоғары білімнен кейінгі білімге ие. Бұл бір жағы болашақта индивидуализмнің дамитынын көрсетсе, екінші жағынан сайлауда цифрлық манипуляцияның қолдану аясын арттырмақ. Бұл өз кезегінде демократиялық құндылықтарға соққы болып тиюі мүмкін. Демек, биылғы сайлауда кім жеңіске жетсе де, сайлаушылардың осы бөлігімен жұмыс істеуіне тура келеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

Франция–Әзербайжан:

ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДА ҚАНДАЙ САЛҚЫНДЫҚ БАР?

Орталық Азияның жалпы тұрақтылығы ондағы әрбір мемлекет үшін бірдей маңызды. Аймақтың бейбіт қалпын сақтауда іргелес және өзара ықпалдас аймақтардың тыныштығы да маңызды. Айта-лық, Ауғанстандағы, Украинадағы жағдайлардың біздің аймаққа жасайтын ықпалын ескермей тұра алмаймыз. Қазақстан өз мүддесіне қоса Орта Азия тұрғысынан да Оңтүстік Кавказдағы бейбітшілікті қалпына келтіруге күш салып келеді. Осы тұста Каспий теңізінің арғы бетіндегі қандай да бір іс-қимыл, жаңа өзгерістер біз үшін маңызды бола түсті. Біз кейінгі уақыттағы Әзербайжан мен Франция қарым-қатынасына көз тастай отырып, Қап тауындағы елеулі өзгерістерді түсінуге тырыстық.

Жаңа Каледония оқиғасы

Франция–Әзербайжанның қарым-қатынасын сөз етуден бұрын, Тынық мұхиттың алыс аралы – Жаңа Каледонияға назар аударуға тура келеді. Екі апта бұрын аталған аралда толқулар болып, соңы жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Көшелер қиратылып, көліктер өртелді. Қоғамдық тәртіпті қалпына келтіріп, маңызды нысандарды қорғау үшін Франция аралға қарулы күш жіберуге мәжбүр болды. Әрі аралда бірқатар қатаң іс-шараларды қабылдады.

Наразылық Франция парламентінің жергілікті заң шығарушы органға сайлау тәртібін өзгерту туралы заң қабылдауына қарсылықтан басталды. Жаңа заң жобасы бойынша аралда 10 жыл тұрған франциялық сайлау құқығына ие болады. Бұған жергілікті тұрғындар наразы. Себебі, олар бұл заң жобасы өздерінің саяси ықпалына нұқсан келтіреді деп санайды. Наразылық дүрбелеңге, дүрбелең қақтығысқа ұласып, кемінде 4 адам көз жұмғаны айтылған. Франция ресмилері 100-ге жуық полиция қызметкері жаракат алғанын да мәлімдеген. Австралияның арғы жағында, Тынық



Каспий теңізінен Тынық мұхитына құлаш сермеу

мұхиттың түкпірінде жатқан аралда болған оқиға біздің назарды аудартпас еді. Бірақ Франция тарапы бұл қоғамдық толқуға Әзербайжанның қатысы бар деп шықты. Міне, осы кезде оқиға біздің назарды өзіне бұрды.

Франция Ішкі істер министрлігі дербестікті жақтаушыларды Әзербайжан қолдап отыр деп мәлімдеді. Сол кезде France 2 арнасында Франция ІІМ жетекшісі Жеральд Дарманен: «Бұл ертегі емес, өкінішке орай кейбір сепаратистер Әзербайжанмен келісімге келді. Сыртқы араласулар болған күнде де Франция өз территориясында егемендігін, мүддесін қорғай алады», – дегені бар.

Дарманеннің олай деуіне не себеп? Сәуір айында Бакуде «Жаңа Каледония: тарих, заманауи сын-көзқарас және күтілетін болашақ» атты ғылыми конференция өткен. Оған Жаңа Каледония парламентіндегі жергілікті халықтың өкілі саналатын депутаты Нейселлин Омайра қатысып, сөз сөйлеген. Сөзінде Омайра ғылыми конференцияның маңызын айта келіп, «саяси қолдауларды қамтыған, сондай-ақ, экономикалық, мәдениет, экология сияқты салаларда ынтымақтастықты дамыта алатындарын» айтып өткен. Әрі «Біз үшін жаңа парақ ашылуда. Бүгін біз екі халық арасындағы жаңа тарихтың іргетасын қалаудамыз» деген сынды тебіреністі сөздері болған.

Француздардың айыптауына қатысты Әзербайжан пәлендей маңызды мәлімдеме жасамады. Дегенмен, Екінші Таулы Қарабақ соғысынан кейін Франция мен Әзербайжан қарым-қатынасы салқиндай түскенінен әңгімені тарата беруге болады. Еуропадағы армян диаспорасы Францияда ең көп шоғырланған. Сол және өзге де себептерден Франция тарабы Таулы Қарабақ соғысынан кейін Арменияға көңіл бұрғаны екі жақты дипломатиялық барыс-келістерден көрінді. Мұның мәнін тіпті арыдан таратып айтуға болады. Ал Әзербайжан тұрғысынан келсек, Францияның айыптауы расталса да, расталмаса да бұл аймақ елдері үшін назар аударарлық жағдай. Себебі, аймақтағы шағын елдер өз ішінде, өз территориясы аумағында ғана өз мүддесін қорғаумен шектеліп келген.

Егер Париж билігінің айыптауы шынайы негізге ие болса, онда бұл Әзербайжанның жаңа деңгейде әрекеті деуге болады. Мұны өз мүддесін сырт тарапта қорғау әрекеті деп түсіндірер едік. Бұлай қарағанда, Париж бен Бакудің күш-салмағы тең емес, алайда ірі ойыншының назарын басқа аймаққа бұру және күшін паршалау сынды стратегиялық, тактика-

лық іс-қимылдардың сұлбасы бар. Бір елдің ішкі ісіне араласуды ақтап алуға келмейді, сөйтсе де өз мүддесін сырт тарапта қорғай алуға деген ұмтылысы аймақта өзіндік бағалауға лайық. Осы арада Еуропадағы ірі ойыншының Оңтүстік Кавказдағы шағын елдерге қалайша назар аударатынын, Әзербайжан мен Армения маңызының қайда екенін басқа қырынан талдауға тура келетіндей.

Шахмат тақтасы

Қап тауының оңтүстігінде оқ атылғаннан кейін әлемде көп нәрсе өзгергенін осыған дейін де айтып келеміз. Халық саны мен жер көлемі жағынан шағын ел болып саналатын Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығыстың ықпал ауқымы неге соншалық кең болды? Бұл мәселе бізді ұзақ болашақ тұрғысынан ойландыруға тиіс. Бұның мәнін барынша қысқаша түсіндіруге тырысып көрейік.

Әлемді үлкен шахмат тақтасы ретінде қарастырсақ, түркі әлемі бұл алаңдағы ірі фигураның бірі. Себебі, ол Еуразияның ең даласын табиғи ресурстарға бай аймақтарын иеленіп жатыр. Әрі Еуропа сынды аса маңызды континенттің бауырына қарай сұғына түскен Кіші Азияны (Түркия) да өз ішіне қамтиды. Оның үстіне түркі әлемнің ислам әлемімен қарым-қатынасы шахматтағы өзге фигуралар үшін ұдайы қаперде тұрады. Бір кездері жіксіз жалғасып жатқан бұл әлем Ресей империясы кезінде территориялық жақтан үзгіндікке ұшырады.

Бір кездері армиян жұрты осы бір алып фигураны қол егіске бөле отырып, Қап тауында Христиан әлемінің сынасы ретінде қағылғаны бар. Бұл сына шахматтағы түркі әлемі мен ислам әлемі сынды маңызды фигуралардың арасына қағылды. Оның геосаяси ықпалы орасан зор болды. Бір кездері ірі ойыншылар әлемді исламдық, христандық және басқа да сенімдерге қарай жіктеген тұста грузин, армян жұрты Еуропадағы ойыншылар үшін маңызды болып тұрған. Әрине, кейін Кеңес Одағының ықпалында ойын ережесі өзгерді, бірақ қалыптасқан картина сол күйінде қалды.

Ресей территориясы арқылы бөлініп қалған түркі әлемі 1991 жылдан тартып Оңтүстік Кавказ арқылы, оның өзінде Әзербайжан арқылы коридорға ие болды. Сондықтан Таулы Қарабақ мәселесі ұзақ уақыт бойы шешім таппауында толып жатқан мүдделі тараптардың үлесі бар десек, артық емес. Міне, осы тұрғыдан қарастырсақ, 3 миллионға жуық халқы бар Армения мен 10 миллионнан аса халқы бар Әзербайжанның жаһандық маңызын түсіне аламыз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Орта держава елдерінің мүддесі ортақ

Сингапурдың Юсуф Исхак институты 1980 жылдан бері атақты «Сингапур лекцияларын» өткізіп келеді. Сингапур лекциялары – академиялық топтар, саясаткерлер, дипломаттар мен жас ғалымдар үшін мемлекеттер басшылары мен әлемдік деңгейдегі көрнекті саясаткерлердің ұстанымдарын тікелей тыңдауға мүмкіндік беретін алаң. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен аптада Сингапурға жасаған мемлекеттік сапары аясында «Қазақстан және орта державалардың рөлі: қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» атты тақырыпта 46-шы Сингапур лекциясын оқыды. «Сингапур лекцияларында» Қазақстан – Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет. Мақаламызда жаһандық саясаттағы «Орта держава» тұжырымдамасын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сингапур лекциялары» аясында талдап көрелік.



(Дереккөз: Ақ Орда баспасөз қызметі).

• Германияның «Ғылым және саясат қоры» (Stiftung Wissenschaft und Politik – SWP) 2024 жылдың 23 қаңтарында «Орта державалар – халықаралық саясаттағы ықпалды ойыншылар» тақырыбында көлемді зерттеу жариялаған еді. Аталмыш зерттеу қорытындысы бойынша «Орта державалар» тізіміне Түркия, Израиль, Қазақстан, Мысыр, Сауд Арабиясы, Үндістан, Индонезия, Эфиопия, Кения, Оңтүстік Африка, Мексика және Бразилия және т.б. елдер кіреді.

• «Орта держава» елдері ішінара бір-бірінен ерекшеленгенімен, оларды біріктіретін ерекше фактор – аймақтық және халықаралық саясатта маңызды ықпалға ие болу.

• Сингапурдың 2024 жылғы Global Firepower есебі бойынша 145 елдің ішінде 30-орынға табан тіреуі бұл мемлекеттің ықпалының жоғары екендігін көрсетеді.

Президенттің дәрісі халықаралық медиа құралдарында кеңінен талқыланды. Прези-

дент дәрісінің екі маңызды тұсы бар, біріншіден, халықаралық қауіпсіздік, жаһандық саясаттағы дипломатияның ықпалы туралы маңызды тұжырымдамалық көреген талқы болса, екіншіден, Қазақстанның «Орта держава» ретіндегі жаһандық тұрақтылықты қалыптастырудағы ықпалы мен рөлінің нақты айқындалуы еді. Халықаралық саясат бүгінде дағдарыстық кезеңді бастан өткеруде. Алып державалар арасындағы мүдделер қақтығысы халықаралық шиеленістерді реттеуде елеулі қиындықтарға алып келуде.

Бүгінде жаһан жұртшылығы геосаяси шиеленістен бастап, макроэкономикалық қиындықтар және жиілей түскен климаттық апаттар секілді қаншама дағдарыспен бетпебет келіп отыр. Қауіпсіздік архитектурасының іргесі жылдам сегіліп, әлемдік державалар арасында бір-біріне сенімсіздік артуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сингапур лекциясында» қырғиқабақ соғыстан кейін орнаған «бейбітшілік архитектура-сы» түгесілуге жақын. Бұл тұрғыда Сингапур

мен Қазақстан секілді «Орта держава» елдерінің жауапкершілігі мен маңызы артып келуде» деді.

Былтыр әлем елдерінің әскери салаға жұмсаған шығындары 2,2 триллион доллар рекордтық көрсеткішке жетті. Қаруланудың жаңа бәсекесі басталуда. Экстремизм, терроризм, кибернетика, ғарыш, жасанды интеллект, климаттың өзгеруі, жаппай миграция және эпидемия туындатқан түйткілдер жаһандық қауіпсіздіктің жағдайын одан сайын ушықтыра түсуде. Алайда, Астана мен Сингапур дамып келе жатқан орта державалар ретінде мұндай бөліну мен жіктелуге көз жұмып қарай алмайды. Расында да, нақты шаралар қабылданса, тағы бір қырғиқабақ соғыс зобалаңына тап келуіміз әбден мүмкін екендігін лекцияда Президент нақты атап өтті.

Халықаралық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, шиеленістерді дипломатия арқылы шешуде Қазақстан мен Сингапурдың тәжірибесі орасан зор. Тек аймақта ғана емес, сонымен қатар жаһандық тұрақтылық жүйесін қалыптастыруда қос мемлекеттің ортақ мүддесі де осында жатыр.

Орта держава елдері халықаралық саясатта соғысты тоқтатудан бөлек, әскери қақтығыстардың алдын алуда зор әлеуетке ие. Қазақстанның соңғы жылдары белсенді жүзеге асырып келе жатқан көптаралы дипломатиясы, Сирия мәселесі, Қарабақтағы қақтығыстарда келіссөз арқылы шешімін табуда медиаторлық қызметтері осының жарқын мысалы.

Сингапур Оңтүстік Шығыс Азия аймағында ғана емес, тұтас Азиядағы бейбітшілік архитекторына айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапурдың 2015 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин мен Тайваньның бұрынғы Президенті Ма Инцзю арасындағы бүкіл әлем көз тіккен кездесуді, АҚШ пен Солтүстік Корея арасындағы тарихи саммитті ұйымдастыруға ұйытқы болғанын Сингапурдың Орта держава елі ретінде ауқымды жетістігі екендігін атап өтті.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



БРИФИНГ

Тапқан табысын дұрыс жұмсауды білмейтін, отбасылық кіріс-шығысты мүлдем жүргізбейтін, қарызға белшесінен батқан, басында төрт-бес несие бар, тіпті, тойға киетін көйлек сатып алу үшін де кредит алған адамдар көбейген. Сондықтан бүгінгідей заманда қаржылай сауатты болу маңызды. Бұл тақырыпты өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Аманат партиясы іске асырып жатқан «Қарызсыз қоғам» жобасының өкілдері тарқатты.

Қарызға батқандарды қалай құтқарамыз?

жеңілдету үшін практикалық кеңестер береді, сонымен қатар бұғатталған шоттарды ашудан бастап банкроттыққа өтініш бергенге дейінгі жолды көрсетеді.


Оқыту барысында қатысушылар үшін бизнесті дамытуға арналған барлық құралдар бойынша ақпарат беріледі, сондай-ақ олар кәсіпкерлікті дамыту бойынша қаржылық емес/қаржылық қолдау іс-шараларының құралдары (бизнес ашу, қосымша табыс көзін іздеу, мемлекеттік және жеке қорларда жеңілдікті кредиттеу мен гранттар бойынша бағдарламаларға қатысу) бойынша барлық ақпаратты ала алады.

Ал брифингте сөз алған Аманат партиясының Алматы

қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қуаныш Төлепов тұрғындарды осылай оқыту олардың тапқан табысын дұрыс басқара білуге, ретімен жұмсай алуға көмектесетініне сенімді. Бұл өз кезегінде қоғамдағы жалпы экономикалық тұрақтылықты жақсартуға ықпал етеді. Осындай тегін курстар мен оқудан өтуге ниет білдірушілер тұрғылықты жері бойынша Аманат партиясының аудандық филиалына немесе аудан әкімдіктеріне жүгіне алады. Қатысушыларға ыңғайлы болу үшін qogamfin.kz онлайн-платформасы да іске қосылған. Сол арқылы оқу курстарына жазылып, пайдалы материалдар мен бейнесабақтарды жүктеп алуға болады.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Әсима СҰЛТАНОВА,
Алматы қаласы бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасының тәлімгері:

Тапқаннан
жұмсағанымыз көп...

Жоба қатысушыларына талдау жүргізгенімізде бізге белгілі болғаны, көп адам кірістері мен шығыстарының есебін жүргізбейді; отбасылық және жеке бюджетін жоспарламайды; қаржылық жоспары жоқ; депозиттің артықшылықтары туралы білмейді; негізгі қарыз сомасын, артық төлем сомасын және өз кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді білмейді; тапқанынан да көп ақша жұмсайды; басындағы несие саны үшеуден асады және олардың төлеу мерзімі өтіп кеткен; көбісі кепілсіз тұтынушылық қарыздарды, сондай-ақ пайызсыз бөліп-бөліп төлеуді рәсімдейді. Осының бәрі халықтың қаржылық сауатының төмен екендігін көрсетеді. Қаржыға деген көзқарасымызды өзгертуіміз керек. Атап айтқанда, шығыстарды дұрыс санау, депозиттерге қаражат бөлу, ірі сатып алулар үшін қаражат жинай білу, пассивті кіріс құру немесе қосымша табыс көзі үшін бизнес ашу сынды қадамдарды сауатты жасай білсек, бәрі оңынан болады.



Қуаныш ТӨЛЕПОВ,
Аманат партиясының Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары:

Көзсіз несиеден бас тартыңыз

«Қарызсыз қоғам» жобасы қарызға белшесінен батып, үмітін үзгендерге нақты қолдау көрсетеді. Жоба қолда бар қаражатқа өмір сүруді, қажетсіз несиеден бас тартуды үйретеді. Биыл жоба бойынша еліміздің барлық өңірінде 200 мың адамды, оның ішінде Алматы қаласының 12 мың тұрғынын оқыту жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта қала әкімдігімен бірлесіп қаржылық сауаттылықты 6 нүктесінде тұрғындардың қаржылық сауаттылығын көтеріп жатырмыз. Қалада 6 қаржы сарапшысы бекітілген. Олар түске дейін жалпы бағдарлама, түстен кейін қатысушының қалауы бойынша жеке кеңестер береді. Жоба қаланың 8 ауданын қамтиды. Бес күн оқиды. Осы уақыт ішінде қатысушылар отбасылық бюджетті жүргізуді, шығындарын басқаруды, несиелік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу бойынша ұсыныстар алуды, тиімді шарттармен несие таңдауды, депозиттердің әртүрлі шарттарымен танысуды, ірі сатып алуларды жоспарлауды үйренеді.



ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



«АСҚАР ТАУЫМ – ҚАМҚОРШЫМ!»

атты ашық диалог өтті

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығының ұйымдастыруымен «Асқар тауым – қамқоршым!» жобасының екінші кезеңі ашық диалог алаңында жалғасты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жобаның мақсаты – дәстүрлі отбасылық құндылықтарды насихаттау, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін нығайту мен отбасындағы мәртебесін арттыру, әке орнының маңызын сезіну. Іс-шараға Ұлы Отан соғысының ардагері, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың қызы Әлия Қошқарбаева қатысып, батырдың үйде қандай әке болғанын айтып берді. Одан бөлек, мұғалімдер, сарапшылар, т.б. спикерлер қатысып, ашық диалог алаңында пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Жиынға қатысқандардың бірі – Гүлзайып Сәбитова. 40 жылдан астам уақыт мұғалім қызметін атқарған ол зейнетке шықса да, ұстаздық қызметін жалғастырып келеді. «Бүгінгі тақырыптың ауқымы кең. Бізге өте ұнады.

Себебі, «Отан – отбасынан басталады» деген қағида бар. Отбасының рухани, материалдық жағдайы әкеге байланысты. Жанұяда әке тәрбиесінің рөлі маңызды. Әсіресе, ер балаға әкенің бір ауыз сөзі әсер етеді. Не айтқысы келгенін айтқызбай-ақ, көзқарасынан-ақ ұғатын едік. Біздің замандастарымыздың барлығының әкелері сондай болды. Одан ешкім жаман болған жоқ деп ойлаймын», – дейді ол.

«Менің әлеуметтік бағыттағы негізгі зерттеулерімнің бір бөлігі – әкенің отбасындағы рөлі. Ашық диалог алаңында бірінші отбасы құндылығы, одан кейін әр отбасы мүшесінің орны айтылды. Жанұяда заң тұрғысында бәрінің орны нақты белгіленген. Ал рухани, адамгершілік құндылықтар бойынша әке-шеші мен баланың рөлі болуы маңызды. Әкенің сөзі, пікірі, ойы деген әр отбасында болуы керек деп санаймын. Зерттеу еңбегімде психологиялық қолдау және отбасыда әкенің рөлін негіздеу үшін әсер ететін фактілер, қазіргі замандағы әкелердегі ерекшелік қамтылған. Ең бірінші мақсат – рухани құндылықты байыту», – дейді Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының бас ғылыми қызметкері Рашид Қызырбекұлы.

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?

Кәріз қақпағына көз сүзгендер көп



Алматыда кәріз қақпағын ұрлау мен арықтарды қоқысқа толтыру тыйылар емес. Қала коммуналшыларының айтуынша, тұрғындар арық пен кәріз құдықтарын подгузниктер, тұрмыстық қалдықтармен бітеп тастауда.

«Алматы Су» МКК ақпараты бойынша, кәріз люктерін ұрлау қалада барлық жерде байқалады. Соңғы оқиға «Шапағат» шағынауданында болды. Ағымдағы жылдың ақпан-мамыр айлары аралығында мердігер ұйым кепілдік міндеттемелері аясында 8 люк қақпағын орнатты, олардың бір бөлігі ұрланған және бүгінгі күнге дейін ұрлық жалғасуда. Мердігер люк қақпақтарын 25 мамырға дейін қалпына келтірді.

«Ұрлық қалалық инфрақұрылымға ауыр зардаптар әкеледі. Кәріз желілерін бі-

теп тастайтын қоқыс ашық құдықтарға түседі», – деп шағымданады «Алматы Су» МКК. Тасталған қоқыстардың ішінде: сынған термометрлер мен мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, аэрозольдер, электрондық құрылғылар, флуоресцентті шамдар, резеңке бұйымдар, жиһаз және ыдыс-аяқ бар.

Сонымен қатар, люктер мәселесі коммуналдық қызметтердің жалғыз проблемасы емес. Қала аудандарының бірінде арық табылды, ол автомобильмен жүруге арналған газ блоктарымен толтырылған. Бұл жағдайды

нашарлатады, әсіресе, қатты жаңбыр басталғанға дейін барлық арық желілері әрдайым коммуналдық қызметтермен мұқият тазаланады.

Азаматтар арықтарды, жаңбыр суын және каналдарды бітеп тастайды. Кәріз проблемалары көбінесе дұрыс жұмыс істемеу және оны коқыс жәшігі ретінде пайдалану салдарынан туындайды. Қалдықтарды дұрыс пайдаланбау қатты су тасқынына әкелуі мүмкін. Тұрмыстық қалдықтармен бірге тасталған кейбір заттар қоршаған ортаға қауіп төндіретінін есте ұстаған жөн. Тазалықты бұзушылармен күресу айыппұл түрінде болады. Аумақтарды абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін ӘҚБтК-нің 505-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік жүктеледі.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚҰБЫРЛАР ЖАҢАРАДЫ

Бұл – жылу желілерінің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді

«Алматы жылу желілері» ЖШС мамандарының мәліметінше, Алматының Жетісу ауданының аумағында «Айнабұлақ-2» шағынауданында жылу желілерін қайта жаңарту шамамен 2,1 шақырым магистральдық құбырларды құрайды. Осылайша 80-жылдардың басында салынған магистральдық құбырлар ауыстырылады.



Суретті түсірген Самат Құсайынов

2022 жылы басталған үш жылдық қайта құру жобасы осы жылдың қыркүйегінде аяқталады. Бұл жылыту маусымы кезеңінде жылу желілерінің тұрақты және апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының басында «Айнабұлақ-2» шағынауданынан Павлодар көшесіне дейін, соңғы 10 жылда 36 зақым тіркелген Жұмабаев және Мақатаев көшелеріне дейін салынған магистральдық құбырды ауыстыру 344 көппәтерлі тұрғын үйді, 11 мектепті, 3 денсаулық сақтау мекемесін және 483 өзге де объектіні үздіксіз және сапалы жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған қалалық секторда жайлы өмір сүру жағдайларын сақтау үшін мердігер тұрғызған уақытша құбыр арқылы жергілікті халыққа ыстық су берілетін болады.

Жылу трассасын реконструкциялаудың соңғы кезеңінде «Айнабұлақ-2» шағынауданында 32 А үйден Жұмабаев көшесіне дейін

орналасқан аллея бойынша жаяу жүргіншілердің қозғалысы уақытша өзгереді.

Аллеяның орталық бөлігінің екі жағында адамдарға арналған жол ашық болады. Қоршау орнату жұмыстары 26 мамырдан басталды.

Жобада балалар мен спорт алаңдарын қоса алғанда, бұрын орналасқан шағын инфрақұрылымы бар жол төсемі мен жаяу жүргіншілер аллеясын қалпына келтіру көзделген.

«САПА Құрылыс 2007» ЖШС мердігерлік ұйымы жобаны іске асыру кезеңінде Жетісу ауданында барлығы 5,9 км желіні қайта жаңартады. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2024 жылы жалпы ұзындығы 20 км болатын 23 жылу желілерінің объектілерін қайта жаңарту жүргізіледі, бұл желілердің тозу пайызын 1,8%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС



Кезекті нысан бұзылды

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, «Қайрат» шағынауданы, Дәулеткерей көшесі, 61-үй мекенжайында орналасқан ірі күрделі құрылым бұзылды. Себебі, меншік иесі нысанды рұқсатсыз салған.

Жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша басқарма меншік иесіне қатысты құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұруға және учаскені бастапқы күйіне келтіруге нұсқама бере отырып, 1-баптың 316-бабы бойынша әкімшілік шаралар қабылдады. Өз кезегінде меншік иесі нұсқаманы орындамады, осыған байланысты іс сотқа жіберілді.

2024 жылғы 27 наурызда Түркісіб аудандық сотының шешімімен басқарманың талабы қанағаттандырылды. Сот шешімін орындау үшін меншік иесі нысанды өз еркімен бұзды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы аясында талап қою қызметінің нәтижелеріне сай өткен жылдан бастап қала бойынша 35 заңсыз нысан толық немесе жартылай бұзылды, оның ішінде бизнес орталықтар, мейрамханалар, қосалқы ғимараттар мен автосервистер, сондай-ақ «Мечта» және KHAN сияқты ірі тұрғын үй кешендері бар.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ОҚШАУ ОЙ

«АНА» немесе зерек балдырғанның сауалы

Сонау 92-жылдары Алматыдағы Қарасай батыр мен Наурызбай батыр көшелері қиылысындағы, Кеңес өкіметі кезінде ішкі істер және қауіпсіздік органы (НКВД-КГБ) ғимараты орналасқан маңдағы саябаққа ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналып, «Болашақта бұл жерге ескерткіш орнатылады» деген жазуы бар тас белгі қойылған болатын. Араға 25 жыл салып сол қара тастың орнына «Ана» монументі (сүрентте) бой көтерді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Сүренті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Құшағына әбден арып-ашып, сіңірі шыққан, өлімші халге жеткен баласын қысқан шарасыз ана мен талқандалған қазан-ошақ бейнеленген ескерткіштің тұғырында «1931–1933» деген жазу бар. Қола мен граниттен құйылған, биіктігі үш метр «Ананы» Қанат Бигулиев, Айдос Бүркітбаев және Дулат Үсембаев сомдаған. Сонау зобалаң жылдардағы ашаршылық тарихын зерттеуші мамандардың деректеріне сүйенсек, 1931–1933 жылдары қазақ даласында қолдан ұйымдастырылған нәубеттен екі миллионға жуық адам көз жұмған. Бұл ескерткіш біздің тарих парақтарына қара таңбасын салған сол зұлмат жылдарды ұмытпау үшін тұрғызылған. Қылышынан қан тамған Кеңестің құрсауынан босап, азаттық алуға талпынған Алаш қайраткерлерін де ардақтайтын күн бұл.

Бұл ескерткіштің маңыздылығы сол, идеологиялық жағынан, бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде кешегі өткенімізді олардың санасына сіңіруде үлкен құрал болмақ. Иә, бұл монумент Тәуелсіздіктің тереңдігін, оның құнын біліп, бағалап өсуімізге жол ашады. Бүгінде жыл сайын «Анаға» келіп тағзым етіп, гүл шоқтарын қою айнымас дәстүрімізге айналған. Қаламыздағы «Қарағайлы» саябағынан орын тепкен еңселі осынау ескерткіштің ашаршылықтан жазықсыз қырылған миллиондаған отандасымыздың, ата-бабамыздың рухына тәу етіп, Тәуелсіздікке тәуба айтар орынға айналғанына қуанамыз.

Өткенде «Қарағайлы» саябағында қыдырып келе жатып, алдымызда кетіп бара жатқан ойын баласының сезіне еріксіз құлақ қойдық. «Ана» монументінің жанына тоқтай қалған 4-5 жасар сүйкімді ұл:

– Әже, мына бала ауырып қалған ба? Неге арық? Анасын тыңдамай, тамақ ішпей қойған ба? Анасы дәрігерге апара жатқан шығар, ә? – деді.

Айналайын-ай, кішкентай балдырған сонау артта қалған зұлмат жылдардың қасіретін қайдан білсін. Әрине, әжесі оған жансыз да болса сол ескерткіштің бойына сақтаған талай сыры барын түсіндірген болар деп ойлаймыз. Ал бізді тәнті еткені – кішкентай балақайдың тас ескерткіш жанынан бейжай өтіп кетпей, арнайы аялдап, ондағы бейнелерге үңіліп, мәнін ұғынғысы келген жұдырықтай жүрегі! Осындай зерделі, зерек, сергек өрендер тұрғанда біз тарихты, өткенді ардақтап, ұлықтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе бермекпіз.

XX ғасыр – қазақ тарихы үшін ауыр кезең болды. Ғасыр басында ауыртпашылықтар көп болды. Соның ең негізгісі – ашаршылық. Қасіретті жылдарды халық естен шығармады. Бұл кеңестік кезеңде жабық тақырып болды. Соған қарамастан, ел-жұрт ауыздан-ауызға айтып, жадымызда мәңгі қалды. Бүгінде ашаршылықты білмейтін адам кемде-кем болар. Десе де, әліге дейін тарихтың таразысынан өз бағасын ала қоймады. Осы тақырыпты тереңірек қаузау үшін жазушы Смағұл ЕЛУБАЙМЕН сұхбаттасқан едік.

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР...

Ашаршылықта қанша қазақ қырылды?



ҰЛТТЫҚ ҚАСІРЕТ

– Ашаршылық тарихтан өз бағасын алды ма?

– Мемлекет ашаршылыққа өз бағасын беруі керек. Бұған дейін көптеген кино фильмдер, деректі фильмдер түсіріліп, бірқатар кітаптар жазылды. Бірақ әлі де атқаратын шаруа жетеді.

Ашаршылық – ұлттық қасірет. 1919 жылы 1 миллион 114 мың адам қырылып кетті. Бұны сол кездегі советтердің бір сөзінде Тұрар Рысқұлов айтқан. 1921-1922 жылы 1 миллион 700 мың қазақ қынадай жойылды. Мұны «Алаш Орда» партиясы комиссиясының басшысы Мұхтар Әуезов дәйектеген. 1931–1933 жылы 2 миллион 300 мың адам жер жастанды. Бас-аяғы 5 миллионға жуық қазақ дүние салды. Іс жүзінде 1 миллион 900 мың қазақ тірі қалды. Революцияға дейін Қазақстанда 8 миллион 500 мың қазақ бар екен. Бұл жайында орыс тарихшысы Александр Чулошников жазып қалдырған көрінеді. Санақтың нәтижелері жойылып, талай мәрте қолмен қайта жазылғанын да ескере кеткен жөн. Осылайша жер жүзінде қазақ ұлты жойылып кетуі мүмкін еді.

Жыл сайын ұлттық қасіретті атап өтіп келеміз. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп аталады. 1995 жылдан бері осылай атасақ та, ашаршылық деген сөзді қоспай келеміз. Ол кезде советтік идеологияның салқыны тарқамай тұрған уақыт еді. Міне, содан бері ашаршылық құрбандарын еске алу деген тіркесті ресми қолдана алмай жүріміз. Дегенмен, халықтың жадынан зұлматты жылдар өшкен емес. Бәрібір бұл күнді бірге айтып, атап келеді.

Біз «Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандары күні» деген атауды дұрыстап жазып, атап, мән-мағынасын тереңдетуіміз қажет. Өткен жылы Мәжіліс орындарынан тұрып 1 минут тағзым етті. Биыл да сол үрдіс жалғасар деп күтеміз.

МУЗЕЙ АШУ КЕРЕК

Тағы бір жағдайды айта өтейін. Астана мен Алматының бас мұражайларына ерекше тоқталайын. Екеуінде де арнайы ашаршылық

құрбандарына арналған зал жоқ. Тіпті керек десеңіз, жөнді бұрыш қарастырылмаған. Тек әйтеуір Астанадағы музейде жетім бұрышты көз шалады. Басқа дым да жоқ. Негізінен қос мұражайда ашаршылық туралы арнайы бөлім, зал болуы тиіс. Алматыдағы бас музейде төрт үлкен зал бар. Әзірге соның біреуін ашаршылыққа арнайтын уақыт келді. Сонымен қатар, Республикалық деңгейде ашаршылық құрбандарын еске салатын арнайы музей салынуы керек. Бұл ұсынысты кейінгі 3-4 жыл бойы талмай айтып келеміз. Әзірге сең қозғалатын түрі жоқ.

Ашаршылық құрбандарына арнап музей ашуды тым ұзақ соза беруге болмайды. Біз ұлттық қасіретімізден сабақ алып, өскелең ұрпаққа ұлықтауды тым кеш бастаған халықпыз.

ДҮНИЕ ЖҮЗІ МОЙЫНДАУЫ ТИІС

– Қазақ жеріндегі ашаршылық зұлматын БҰҰ-ның деңгейінде көтеру үшін не істеу керек?

– Осы жолда сырт елдердегі елшіліктер барынша жұмыс істеуі тиіс. Вашингтондағы бөлім қол қусырып қарап отырмауы тиіс. Ашаршылық туралы шыққан кітап, кино, деректі фильмдер және т.б. деректердің бәрін шетелге таныстыра беру керек. Ең негізгісі – насихат. Біріккен Ұлттар Ұйымының 6 ресми тілінде хабар беріп, аштықтың қыр-сырын айта беру шарт. Үлкен жиындар жасап, оған тарихшы, этнограф, әдебиетші және т.б. ғалымдарды, зерттеушілерді, сарапшыларды, белгілі журналистерді шақырып, осы тақырыпты таныту қажет. Астана мен Алматыда екі ескерткіш қойылды. Дейтұрғанмен, бұл – аз. БҰҰ-да Қазақстан өкілдері бар. Сондай-ақ, бізге мейман-достар және бар. Жалпы ақылды адамдар бірлесе, тындырымды істер болайын деп тұр ғой. Мәселеге қозғау салынса дейміз.

Ашаршылық тақырыбын жазып жүрген жазушылар шетелде лекция оқып, осы тақырып төңірегінде мағлұмат берсе дейміз ғой. Сонда ғана шетелдіктер кеңірек хабардар болады. Ал геноцид болды ма, әлде

болмады ма, оны уақыт көрсетер. 31 мамыр күні барлық телеарналар ойын-сауықты тоқтату қажет. Бұл күні ашаршылық туралы әңгімелер айтылуы керек. Парламент 1 минут үнсіздік жариялап, ту төмен түсуі керек. Мешіт пен ғибадатханаларда ашаршылық құрбандарына арналып дұғалар оқылса екен. Мінеки, ұлттық қасіретін өркениетті ұлттар осылай атап өтеді.

– Аштық зобалаңына ашық қарсы шыққандар болды ма?

– Алаш азаматтарының бәрі де ел аштықтан қырылып жатқанда, жәй қарап тұрмады. Әрқайсысы хал-қадерінше қарсы шығып жатты. 1922 жылы Мұхтар Әуезов «Ашаршылықпен күреспесек, Қазақстан қазақсыз қалады» деген болатын. Сол үшін де 1931 жылы ол кісі ұсталып кетті. Жалпы біраз қайраткерлер абақтыға жабылды, атылды. Кеңестік кезеңдегі 70 жылда «ашаршылық» деген сөзді айту мүмкін болмады.

Қазақ мықты, текті халық болды. Сонымен бірге, «Алтын Орда» империясының тікелей мұрагері-тұғын. Хандықтың құрамындағы негізгі әскер қазақтар еді. Осыншама шежіренің қайнар көзі бізге тіреле берді. Осыны білгендер қазақты көре алмады, мінеді, сынады, тонады, жоюға тырысты. Бірақ Жаратқанның шапағаты тиіп, аман-есен осы күнге жетті. Мың тәубе!

ҚАЙТСЕК ТЕ, ҚАЗАҚТЫҢ САНЫН КӨБЕЙТЕЙІК

– Өткен олқылықтың орнын толтыру үшін не істеу қажет?

– Ең әуелі қазақтың санын арттырайық. Шетелдегі 5 миллионнан астам қазақтарды атамекенге алдырайық. Уағында кеткені бар, шекара сызылғанда сыртта қалғаны бар, бәрі барын жинайық. Енді кіріспесек, этникалық қазақтан түбегейлі қол үземіз. Бірте-бірте шеттегі қандастар қытайланып, өзбектеніп, орыстанып барады. Солтүстікте жер деген жетеді, малға шұрайлы, жанға жайлы мекен. Қандастарды Отанға дереу алдырмасақ, кеш қаламыз.

Келемін деген қазаққа неге мүмкіндік бермейді? Мысалы, Ауған қазақтары елге жете алмай ынтызар, бірақ болмайтын құжат сұрап бас қатырамыз. Бізде бюрократия жайлап кеткен. Бітпейтін қағазбастылық. Құдай-ау, қашан қазақты түгел Қазақ еліне жинап алады екенбіз. Армандаумен өтетін болдық қой.

Біздің қос шылбыр мен бір тізгінді қолында ұстап отырған атқамінерлер барынша патриот болуы тиіс. Дүниенің қай түпкірінде қазаққа көмек қажет, біз соған қолұшын созайық. Аштықтан қырылған халқымыздың демографиялық ахуалын түзейтін бірден-бір жол, ол – қандастарды көбейту. Дүниеде қазақтың досы қазақ екенін ұмытпайық. Өйткені, ел-жұртымыздың көрмеген азабы жоқ. Ендігі жерде саны көбейіп, сапасы арта берсін. Патриот азаматтар көп болсын!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МЕРЕЙТОЙ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫНА ҚҰРМЕТ

Алматыда Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы Сағдат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған гүл шоқтарын қою салтанатты рәсімі өтті.

Досбол
АТАЖАН

Алдымен, Төлебаев пен Жамбыл көшелерінің қиылысында Сағдат Нұрмағамбетов тұрған үйде орнатылған мемориалдық тақтаға гүл шоқтары қойылды. Іс-шараға Алматы өңірлік гарнизонының әскери қызметшілері, ҚР Қарулы күштерінің ардагерлері, қала тұрғындары мен жастар қатысты.

– Бүгін Бірінші Қорғаныс министрі,

№1 Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, армия генералы Нұрмағамбетов Сағдат Қожахметұлының 100 жылдығын арнайы атап өтіп отырмыз. Еліміздің Қарулы күштері 30 жыл бұрын сол кісінің ұйымдастыруымен құрылды, содан бері Қарулы күштері тарихы алға басып келе жатыр. Ол кісінің қандай болғанын тарихтан жақсы білеміз. Осы жердегі генералдар мен офицерлер, ардагерлер ол кісінің қоластында әскери борышын атқарды. Сағдат Нұрмағамбетов өзін секілді жас подполковник, полковниктерге, әскерилерге елге қалай қызмет ету керектігін көрсетті, – деді генерал-майор Сәкен Жасұзақов.

Сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Қазақстанның мемлекет және әскери қайраткері, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы Сағдат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына орай 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында салтанатты іс-шара өтті.

«Офицерлер одағы» ҚБ ұйымдастырумен өткен салтанатты іс-шара барысында Сағдат Нұрмағамбетовке құрмет көрсетіліп, «Мәңгілік алауға» гүл шоқтары қойылды. Іс-шараға ҰОС қатысушылары мен тыл еңбеккерлері, «Офицерлер одағы» ҚБ өкілдері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері және қала тұрғындары қатысты.

– Сағдат Нұрмағамбетовтің еңбегі мен ерлігін дәріптеу мақсатында үлкен жұмыс атқарылып жатыр. 2017 жылы оның қола бюсті Мәскеудің Орталық мұражайының Даңқ залына қойылды. Жеке өзін еске алатын болсам, ол өз жауынгерлерін жақсы көретін. Бізге қамқор болатын, полк командирлерінің әрқайсысын жеке-жеке аты-жөнімен таныттын. Өзі казармаларды аралап, сарбаздардың жай-күйімен танысатын. Қазақстан Қарулы күштерінің қайсысы қай жерде екенін толық білетін. Көптеген әскери бөлімдерді өзі жеке ашты. Сағдат Нұрмағамбетовтің басымылымен ауыр кезеңде еліміздің әскерін сақтап қалдық және оны әрі қарай дамыта

алдық, – деді «Офицерлер одағы» ҚБ төрағасы, генерал-майор Махмұт Телегузов.

Сонымен қатар, Сағдат Нұрмағамбетовтың мерейтойына қарай шаһарда бокстан турнир ұйымдастырылды. Жарысқа Әзірбайжан, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстаннан және Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен 150-ден астам спортшы қатысты. Турнир жеңімпаздары: 48 келі – Нұрзат Оңғаров (Жамбыл облысы), 51 келі – Төлепберді Сүлеймени (Шымкент), 54 келі – Ақылтай Рабатов (Алматы облысы), 57 келі – Бағлан Кенжебек (Жамбыл облысы), 60 келі – Ақмал Убайдов (Тәжікстан), 63,5 келі – Омар Ливора (Қырғызстан), 67 келі – Харокян Акопкохян (Армения), 71 келі – Нұржан Амангелді (Жамбыл облысы), 75 келі – Фарух Токтасынов (Алматы), 80 келі – Нұрсұлтан Бейсембаев (Алматы облысы), 86 келі – Еркебұлан Ақымбай (Алматы облысы), 92 келі – Парвиз Каримов (Тәжікстан), 92 келіден жоғары: Нұрсұлтан Аманжолов (Жамбыл облысы).

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНА БАҚЫТЫ

Әлеуметтік осал топ өкілдері пәтерлі болды

Айнабай
МӘДИ

(Басы 1-бетте)

Аудан әкімі Н.Тоғызбаева салтанатты сәттен соң осы үйлердің бірінен қоныс иеленген Ү.Құрманәлиеваның пәтеріне бас сұқты. Аумақ басшысы: «Қала әкімінің тікелей тапсырмасымен өздеріңізге бірінші кезекте пәтер кілті табыс етіліп отыр. Мына игі шаруалар қалалық құрылыс, коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармаларының белсенділігі, жедел жұмысының нәтижесінде іске асты. Ең бастысы, өз шаңырағыңызға қол жеткіздіңіз. Қонысыңыз құтты болсын! Пәтеріңіздің қуыс-қуысы қуанышқа толы болсын!», – деп ақжарма тілегін арнап, баспана иесіне пәтер



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

кілтін тапсырды. «Алматыда пәтерлі болу – арман ғой. Жиырма жылдан астам уақыт осы күнді күткенмін, аңсаған арманым орындалды, қуанышымда шек жоқ», – дейді үміті үкіленген Үміт апамыз.

Айта кетерлігі, дәл осы күні аудан аумағында тапсырылған 124 пәтердің 75-і екі бөлмелі, 49-ы бір бөлмелі. Халықтың әлеуметтік осал тобына жататын алғашқы боп пәтер иеленгендердің 35-і – жетім бала, 14-і – I, II топтағы мүгедек, 8-і – мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасы, 4-еуі – зейнеткер, 63-і – толық емес отбасы.

«Жыл соңына дейін ХӘОТ санатында кезекте тұрған қала тұрғындарына 2000-дай пәтер ұсынылады. Соның 400-і жетім балаларға беріледі. Бұл Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың жеке бастамасы, мұқтаждар үшін жалға берілетін пәтерлердің 20 пайызы жетім балаларға бөлінеді. Бүгін ұсынылған 124 пәтер кілті он жылдан астам

КЕРЕК ДЕРЕК

* Бағдарламалық қызмет көрсету мен келісім-шартта арендалық пәтерде пәтер иелері ғана тұруы көзделген. Пәтер жалға берілмейді, қайта жоспарлау жұмысына тыйым салынған. Айлық төлемақы уақытылы төленуі тиіс.

* Пәтерге қатысты тәртіптің сақталуы басқарма тарапынан тексеріліп, қадағаланады. Бағдарламалық қызмет көрсету сақталмаған жағдайда бір ескертуден соң, сот арқылы келісім-шарт бұзылады.

* Басқадай жағдай орын алмаған ретте арендалық пәтерді өмір бойы пайдалануға болады. Еліміздің жоғары заң шығарушы органы – Парламентте тұрғын үй қатынастарына қатысты заң қаралу үстінде. Егер заң қабылдана болса, пәтерді болашақта сатып алу мүмкіндігі пайда болмақ.

* Арендалық пәтердің айлық төлемақысы (шамамен): 1 бөлмелі пәтерге 10 мың теңге, 2 бөлмелік пәтерге – 15 мың теңге, 3 бөлмелік пәтерге – 20 мың теңге көлемінде.

* Берілетін пәтерлер осы заманға сай, кең де жарық. Шамамен, 3 бөлмелік пәтер – 80-90, 2 бөлмелік пәтер – 60-70, 1 бөлмелік пәтер – 50-60 шаршы метр.

тұрғын үй кезегінде тұрған қала тұрғындары ішіндегі халықтың әлеуметтік осал топтарына табысталды. Олардың басым бөлігі 2010-2011 жылдардан бері кезекте тұрған», – деп мәлімдеді Алматы қалалық коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы.

Бұрнағы жылы Алматы қаласының коммуналдық тұрғын үй қорынан жетім балаларға 14 пәтер табысталса, бытыр 55 пәтер берілген болатын. Жетім-жесірді ескеріп, оларды мейірімге бөлеу – қайырымды қаланың қамқорлығы болса керек. Халқымызда «Жетім көрсен, жебей жүр» деген даналық бар. Ұлық сөзді қала басшылығының мықты қаперде ұстағаны көрініп тұр.



БАЛАЛАР ЛАГЕРІ

ОҚУШЫЛАР ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

Биыл жазғы демалыс кезінде еліміз бойынша 1–10-сынып аралығындағы 2,9 млн қазақстандық оқушы сауықтыру, демалыс және еңбекпен қамтудың түрлі шараларына қатысып, демалысты қызықты етіп өткізбекші. Алдымен балалардың жазғы демалысын қауіпсіз және жан-жақты ұйымдастыру үшін министрлік 8 мемлекеттік органмен бірге 2024–2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын бекіткен еді. Осы жұмысты үйлестіру үшін республикалық ведомствоаралық штаб құрылып, өткен жылғы жазғы демалыс нәтижелері талданып, іс-қимыл алгоритмі әзірленген.



Рая
ЕСКЕНДІР

сын бастады. Жазғы демалыс екі бағытта, сауықтыру және жұмыспен қамту бойынша ұйымдастырылып отыр. Демалыс-сауықтыру шаралары биыл да ата-ана қамқорынан тыс қалған, ерекше білім беру қажеттілігі бар, сондай-ақ аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды 100% қамтып отыр. Қалалық Оқушылар сарайының «Өрнек» лагерінде 3 маусымда 900 бала демалатын болады. Бұл балалардың арасында «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілері, әлеуметтік осал топтардың балалары, сондай-ақ түрлі өнер байқаулары мен пәндік спорттық жарыстардың жеңімпаздары бар. Осы ретте балаларды жұмыспен қамту да ұмыт қалмай, 263 мың оқушы еңбек еткелі отыр. Сонымен қатар, облыс пен республика бойынша туристік сапарлар, көшпелі спорттық жиындар, 3 күндік са-

парлар, экскурсиялар, пікірсайыс лагерлері, тіл үйренуге арналған жазғы мектептер және т.б. ұйымдастырылады.

Қаламызда алғаш рет 17 колледждің базасында 8-сынып оқушыларына арналған «Жаз – болашақ мамандықпен» жобасы қолға алынып отыр. Осы жоба аясында 200-ден астам оқушы жазғы демалыстарын қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік алмақшы. Биылғы жылғы тағы бір тамаша жаңалық – №57 және 171 мектептерде этно-лагерлер жұмысын бастады. Мектеп ауласына киіз үйлер орнатылған. Оқушыларға ұлттық салт-дәстүрлер, құндылықтар мен мәдениет, әдет-ғұрыптар, қолөнер, көрпе тігу, тоқу дағдысы үйретіледі.

Сондай-ақ, осы жазда 16 спорт лагері ашылып, онда зияткерлік және шығармашылық ойындар, спорттық-шығармашылық байқау-

лар, викториналар және т.б. ұйымдастырылады.

Жаздың алғашқы күнінен, яғни 3 маусымнан бастап Алатау және Наурызбай аудандарындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталықтарында «Балалар мен кино», «Балалар мен театр», «Stem-лагер» атты бірегей жобалар іске асырылады.

Жалпы, Алматыда биыл 150 мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз етілген жазғы лагерлер жұмыс істейді. Бұл лагерлерде 40 мыңнан астам бала демалады. Сондай-ақ, 96 мың бала мектеп жанындағы жарты күндік лагерлерге баратын болды. Бұған қоса, жаз бойы Оқушылар сарайы, Оқушылар үйлері және Инновациялық шығармашылық орталықтары сынды мемлекеттік қосымша білім беру ұйымдарында үйірмелер мен секциялар тегін жұмыс істейді.

Атап айтсақ, шешендік өнер, актерлік шеберлік, журналистика, домбыра, вокал, фортепиано, хореография, қыш өнері, тоғызқұмалақ, бокс, дзюдо, заманауи бау-бақша, Lego робототехникасы, 3D модельдеу, AR/VR, авиамодельдеу, бағдарламалау. Тегін үйірмелер барлық санаттағы балаларға арналған. Сондай-ақ, мұғалімдерге, балаларға және олардың ата-аналарына арналған бағдарламалар, ережелер, күнтізбелік жоспарлар және нұсқаулар қамтылған әдістемелік ұсынымдар дайындалған.

Балаларға арналған нысандарды қабылдау және лагерь қызметкерлеріне нұсқау жүргізу кестелері жасалды. Жыл өткен сайын балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді өткізу оң нәтиже көрсетіп келеді. Осы жылы елімізде төрт сауықтыру орталығының құрылысы аяқталмақшы. Қазіргі таңда еліміздегі 210 балалар сауықтыру орталықтарында демалғысы келетін балалардың тізімі жасалып, ТЖ болған аумақтағы балалар демалысты бастап та кетті.

ЖАС ТҮЛЕК – 2024

ТҮЛКЕКТЕР ТҮЛЕДІ

«Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты кеш өтті

Алматыдағы үш жүзден астам білім мекемесінде оқу жылының аяқталуына орай, тәрбие сағаттары өтіп, «Соңғы қоңырау» соғылды. Жалпы, бұл күн ертеңгі өмірге асыққан жастар үшін аса бір қимастыққа толы болып есте қалары сөзсіз. Сондықтан биылғы түлектер де бұл күнді әдемі естелікпен атап өтті.



Қаламыздың Түркісіб ауданына қарасты «Жас қанат» ықшамауданындағы №198 мектеп ауласында да «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты кеш өтті. Ортаға өзінің биылғы түлектерімен 11 «а» сынып жетекшісі Гүлнұр Төлеген, 11 «ә» сынып жетекшісі Гүлбану Сқакова, 11 «б» сынып жетекшісі Динара Ашубаева шыға келгенде, жиналған барша қауым ұзақ уақыт қол соғып, қошемет көрсетті. Әсем әуенмен әрлеп, күмбірлеген күймен көмкерілген кеш барысында мектеп ұжымының оқу жылында қол жеткізген табысы, өнерпаз балалар мен жас спортшылардың көрсеткіштері кеңінен сөз болды. Үлкен өмірге аттанғалы тұрған түлектерге ізгі тілектер арналды. Мектеп басшысы Әсемгүл Қанапиянова сөз кезегін алып, жүрекжарды лебізін білдірді.

– Міне, оқу жылының бір жылы да көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Біздің ұжым осынау уақыттың бір сәтін де босқа өткізбей тиімді етіп өткізді. Қазіргі уақыт өте ұшқыр, әрі жаңалыққа толы. Сондықтан біз де сол жылдамдыққа ілесіп отыруымыз керек. Оның үстіне қазір ұстаздарға да, мектеп оқушыларына да зор сенім жүктелген. Жалпы, жауапкершіліктің жүгі қашан да ауыр, ал оны сезіну білу екі есе ауыр екені белгілі, – дей келе, түлектердің алдағы сынақтан сүрінбей өтуіне тілектестігін білдірді.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жадыра Ысқакова 2023–2024 оқу жылының аяқталуы жөніндегі бұйрықпен таныстырды. Он бір жыл бойы қабырғасында білім алған алтын ұямен қоштасу түлектер

үшін де тебіреніске толы болды. Олар өз жүректерінен шыққан қимастыққа толы сезімдерін жеткізді. Салтанатты жиынға арнайы қатысқан Түркісіб аудандық білім бөлімінің басшысы Жанна Қаділханқызы осы мектептің байырғы ұстазы Жадыра Айтмұханбетқызын жас ұрпақ тәрбиесі мен білім саласындағы жетістіктері үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапаттады.

Осынау жүректерге нұр құйған әдемі сәтте түлектер «Қоштасу вальсіне» тербеле биледі. Енді бір сәтте мектептің озат түлектері соңғы қоңырау соғу құрметіне ие болды. Ауланы керней соғылған күміс қоңыраудың ең соңғы үніне құрмет көрсетіп, көңілдеріне қимастық сезімі ұялады.

«Аттандық сапарға, көңілде
мол арман...»

Бұл күні «Қайрат» ықшамауданында былтыр ғана пайдалануға берілген №211 мектеп қабырғасында да «Соңғы қоңырау» салтанаты өтті. Бұл мектептің ерекшелігі ашылған күн-

нен бастап, өзіндік өзгешелігі бар білім ұясына айналып отыр. Осылайша білім саласының көсегесін көгертіп, оның дамуына еселеп үлес қосып отырған мектеп Алматының ғана емес, еліміздің де мақтанышына айналары сөзсіз.

– Алда үлкен сынақ – мемлекеттік емтихан, сіздердің Ұлттық бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтулеріңізге тілектеспіз. Алған білімдеріңіздің арқасында таңдаған оқу орнының студенті атанып, қалаған мамандық иесі болыңыздар, – деді мектеп басшысы Айжан Қасымова.

Осынау қимастыққа толы сәтте ортаға шыққан 11-сыныпты бітіруші түлектер өз өмірлеріндегі ең сәулелі сәттердің куәсі болған алтын ұяға деген іңкәр сезімдерін ерекше тебіреніспен жеткізіп жатты. Күні кеше мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушылары да түлектерге деген тілектерін білдірді.

Мегаполисте 16 мың түлек
мектеп бітірді

Алматы қаласының 135 мектебінде оқу

жылының аяқталуына арналған салтанатты жиындар өтті. Концерттік бағдарлама М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейінде де ұйымдастырылды. Мектеп қабырғасында түлектерге қоштасу сөздері мен жылы тілектер айтылды.

«Биыл 91 оқушы алтын ұясымен қоштасайын деп тұр. Олардың ішінде 12 түлек үздік аттестатқа, ал 1 оқушымыз Алтын белгіге үміткер. Мектеп бітіру іс-шарасы ата-аналардың қолдауымен өткізіліп жатыр. Негізгі мақсатымыз – аттестаттық емтихан мен ҰБТ-ның алдында балаларымызға жақсы көңіл сыйлау және ынта-жігерлерін көтеру. Өткен жылы түлектеріміздің ҰБТ-да жақсы нәтиже көрсетіп, 85%-ы грант иегері атанса, биыл да оқушыларымыз жақсы нәтижеге жетеді деген үміттемін. Түлектеріміз емтихандарды сәтті тапсырып, өз арманындағы мамандықты табуға тілектеспін», – деді М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейдің директоры Құлжан Шажабаяева.

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Досбол АТАЖАН.

НЕСИЕ

27 АЛМАТЫЛЫҚ БАНКРОТ БОЛДЫ

Қалада жыл басынан бері барлығы 1727 өтініш берілген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қарызын өтей алмайтын борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысы Айдос Будутулов мәлімдеді. Заң 2023 жылдың наурызынан бастап күшіне енді. Заңды іске асырудың мақсаты – борыштық жүктемені азайту, әлеуметтік шиеленісті жеңілдету.

«Бүгін біз банктердің, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің алдында және қарыздың басқа түрлері бойынша мерзімі өткен берешегі бар және ЖК ретінде тіркелмеген ҚР азаматтарының төлем қабілетсіздігіне байланысты мәселелерді реттейтін «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін және банкроттықты қалпына келтіру туралы» қолданыстағы Заңды талқылап отырмыз», – деді А.Будутулов.

Спикер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану тәртібі туралы да айтты. Оның айтуынша, соттан тыс банкроттықты Мемлекеттік кірістер органдары қарайды. Кредиторлар тізбесін, берешек сомасын, сондай-ақ банкпен немесе микроқаржы ұйымдарымен борышты реттеу туралы құжаттарды қоса бере отырып, «Электрондық үкімет» порталы, «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасымен өтініш беру арқылы іске асырылады. «Qoldau» жеке тұлғалардың банкроттығы ақпараттық жүйесі арқылы тіркеуші Мемлекеттік органдардың, банктердің және кредиттік бюролардың электрондық дерекқорларымен салыстыру арқылы борышкердің кіріс өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан автоматты түрде салыстыру жүргізіледі. Заң күшіне енген күннен бастап бүгінгі күні Алматы қаласы бойынша келіп түскен өтініштердің саны – 8100, оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бері – 1727.

Қазіргі таңда 27 азаматқа сот банкроттық рәсімі қолданылған (жылдың басынан бері 15 азаматқа); 7 азаматқа қатысты сот банкроттық рәсімі аяқталды (жылдың басынан бері 2 азаматқа). Сондай-ақ, спикер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру тәртібін түсіндірді. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, тұрақты табыс көзі болған жағдайда қарызды 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігі



қарастырылады. Борышкерге қойылатын жалғыз шарт – қарыз сомасы қарыз алушының меншігіндегі мүліктің құнынан аспауы керек.

«Бұл процедураның артықшылығы – жеке тұлға «банкрот» мәртебесін алмайды, сондықтан ол банкрот үшін қарастырылған салдарға ұшырамайды, сонымен қатар шетелге шығуға тыйым салу түріндегі шектеулер қарастырылмаған», – деп түсіндірді ол.

Соттық банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру тәртібін қаржы басқарушылары жүзеге асырады және сот арқылы жүзеге асырылады. Төлем қабілеттілігін немесе сот банкроттығын қалпына келтіру тәртібін қолдану туралы арызды борышкер тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында береді. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жүйесін қолдану туралы өтініш 2023 жылдың қыркүйегінде берілді, бірақ қолданылмады. Сонымен бірге, өзін банкрот деп жариялау туралы шешім қабылдаған азаматтардың бірқатар салдары барын да атап өткен жөн.

– Ломбардтарда шағын несие алуды қоспағанда, 5 жылға несие алуда шектеу қойылады;
– Қайта банкроттық деп тану 7 жылдан кейін ғана мүмкін болады;
– Банкроттықтан кейінгі 3 жыл ішінде қаржылық мониторинг жүргізілуі.

ПОЛИЦИЯ

Қалада көлікті тұраққа қою ережесін сақтау бойынша тексеріс жүріп жатыр. Полицейлер эвакуаторлармен заңсыз қойылған көлікті айыппұл тұрағына жеткізеді.

ТҰРАҚҚА ДҰРЫС ҚОЙМАҒАН 10 мыңға жуық жүргізуші жазаланды

«Жыл басынан бері автотұрақ ережесін бұзған 9963 адам жауапкершілікке тартылды. «Аялдауға тыйым салынады» және «Тұраққа қоюға тыйым салынады» белгілері жоқ орындарға көлік қоятын жүргізушілерді анықтау үшін іс-шара жүргізілуде. Алдыңғы шептегі бөлімшелердің қызметкерлері автобустардың жүруін қиындатып, кептеліс туғызатын қоғамдық көлік аядамаларында көліктерді тұраққа қою сияқты құқық-бұзушылықтарды анықтауда. Тәжірибе көрсеткендей, рейдтер мен іс-шараларды өткізу қаладағы көліктердің өткізу қабілетіне, жүргізуші тәртібі мен жүргізу мәдениетін арттыруға оң әсерін тигізеді», – деді Алматы қалалық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Серік Шумаев.

Рейдтерді өткізу кезінде полицейлер жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хабарлаған азаматтардың сигналдарын пайдаланады.



ҚЫЛМЫС



ЕСІРТКІ ПРИТОНЫ ЖОЙЫЛДЫ

Алматы полициясы есірткі притонын жойды. Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының мәліметінше, есірткі притоны «Жетісу» ықшамауданындағы тұрғын үйлердің бірінде болған.

«Үй иесі мен оның кейбір қасындағылардың тұрғылықты жерін тінту кезінде полистилен байламдары, өсімдік тектес заты бар сіріңке қораптары, электронды таразылар табылды және тәркіленді. Ұсталғандар гашиш пен марихуананы жеке пайдалану үшін сақтағандарын айта бастады. Тәркіленген заттардың шығу тегі мен иесін анықтау мақсатында сот-химиялық сараптама тағайындалды. Есірткі заттарды тұтыну және заңсыз сақтау үшін орын ұйымдастыру деректері бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалды», – деді Алматы қалалық полиция департаменті бастығының орынбасары Қуатбек Науатов.

ҚР ҚК-нің 201-бабына сәйкес, өзге ақпарат тергеу мүддесіне орай жария етілмейді.

БАҚЫЛАУ КҮНІ

ТЕХНИКАЛАР ТЕКСЕРІЛДІ

Ұлттық ұланның Алматыдағы 5571 әскери бөлімінде жылдық техникалық пайдалануды бақылау күні өтті. Бұл іс-шара Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы әскери бөлімде ерекше басталды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Салтанатты түрде сап түзеген әскери қызметшілерге ең алдымен «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Талапкер Әміреев құттықтау сөз сөйлеп, барлық жеке құрамға техникалық байқаудан ойдағыдай өтуге сәттілік тіледі. Өз кезегінде бөлімнің ардагері Талғат Абеуов та әскери қызметшілерге ізгі тілегін арнады.

Бүгінгі күні әскери бағытта қолданылатын техникалар мен қару-жарақ сынды өзге де қажеттіліктерді жазғы маусымда пайдалану үшін жоспарлы түрде тексерістен өткізіп, бақылауды ұйымдастыру міндетті түрде іске асыруға жататын тапсырмалардың біріне айналған. Өйткені, Ұлттық ұлан әскерилері үшін бейбіт өмір мен қоғам тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын қажеттіліктердің жай-күйін қадағалап, бабында ұстау басты құндылықтардың санатына жатады.

– Жылдық техникалық байқаудың мақсаты – көліктердің есебін, техникалық жағдайын тексеру, сонымен қатар қару-жарақ пен автотехника танк техникасының жағдайы мен қызметтік-жауынгерлік жұмысқа дайындығын, оларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, күту



ережелерінің сақталуы және парк, қойма, сақтау орындарының жағдайын тексеру. Осы аталғандардың бәрі талапқа сай болуы тиіс, себебі, әскери бөлімнің жауынгерлік әзірлігіне техника және қару-жарақтың жағдайы үлкен әсерін тигізеді», – дейді полковник Игорь Поповский.

Байқауға бөлімнің барлық техникасы және атыс қарулары қойылып, техникалық дайындықтың коэффициенттік көрсеткіші 0,97%-ды құрады. Тексеруші комиссия тарапынан осындай жоғары көрсеткішке қол жеткізген бөлімнің техника және қару-жарақ жағдайына «өте жақсы» деген баға берілді.

– Ұлттық ұланда жыл сайын өткізілетін техникалық байқауға бар ынтымазбен, күш-

жігерімізді сарп етіп дайындалдық. Соның нәтижесінде бүгін «өте жақсы» баға алдық. Бұның бәрі адал еңбек пен аққан тердің арқасы. Бөліміміздің әскери жүргізушілері өздеріне бекітілген көліктеріне үнемі күтім жасап, еш ақаусыз жүріп-тұруын басты назарда ұстайды. Өйткені, әскери техника кез келген уақытта жауынгерлік әзірлікті қамтамасыз етуге дайын болуы шарт, – дейді 5571 әскери бөлімі командирінің техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары, подполковник Беймбет Сейдалиев.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МАМАН КЕҢЕСІ

Өңештің қатерлі ісігі – өңештің ішкі қабатындағы жасушалардан дамиды ауыр дерт. Ол неғұрлым ерте анықталса, сәтті емдеу мүмкіндігі айтарлықтай артады. Сондықтан өңеш қатерлі ісігінің алғашқы белгілерін білу дер кезінде медициналық көмекке жүтінуге көмектеседі. Алматы онкологиялық орталығының онкологы Мұрат Болатов осы кеселдің негізгі белгілері туралы айтып берді.

ЖҰТЫНУ ҚИЫНДАСА дереу дәрігерге қаралыңыз



– Өңештің қатерлі ісігінің ең ерте және жиі кездесетін белгілерінің бірі – дисфагия, яғни жұтынудың қиындауы. Алғашқы кезеңдерде адам қатты тағамды жұтуда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ал ауру дамыған сайын сұйық тағамды жұтуда да қиындай түседі. Бұл ісіктің өңеш қуысының тарылуына байланысты пайда болады, – дейді дәрігер.

Екінші белгісі – бұл кеудедегі немесе төс сүйегінің артқы жағындағы ауырсыну. Кеудедегі ауырсыну немесе ыңғайсыздық, әсіресе жұтынған кезде өңеш қатерлі ісігінің белгісі болуы мүмкін. Ауырсыну өткір немесе күнгірт болуы ықтимал және көбінесе арқаға таралады. Сондай-ақ, өңештің қатерлі ісігінде тамақ пен сұйықтықтың асқазаннан өңешке кері қозғалысы пайда болуы мүмкін, бұл регургитацияны тудырады. Бұл – ішкен тамақтың кері қайтып келе жатқандай сезім. Әсіресе, тамақтанғаннан кейін байқалады.

– Себепсіз, бірақ тұрақты салмақ жоғалту өңеш қатерлі ісігінің симптомдары болуы мүмкін. Өйткені, тәбеттің төмендеуі және тамақтанудың қиындауы бұл процесске ықпал етуі ықтимал. Тұрақты күйдіргі және қышқылдық рефлюкс өңештің қатерлі ісігін де көрсетуі мүмкін, әсіресе, егер бұл белгілер күшейіп, әдеттегі емдеу әдістеріне әсер ермесе, – дейді онколог.

Онколог өңеш қатерлі ісігін ерте анықтау сәтті емдеу үшін маңызды екенін еске салады.

Жатыр мойны эрозиясы – әртүрлі жастағы әйелдерде кездесетін, ең көп таралған гинекологиялық ауру. Алматының №36 қалалық емханасының дәрігер-гинекологы Айбарша Тәжекованың айтуынша, бұл назар аударуды қажет ететін, бірақ шұғыл емдеуді қажет ете бермейтін ауру. Дегенмен, жайбарақаттық та дұрыс емес. Жатыр мойны эрозиясын емдеу туралы шешім бірнеше факторға байланысты.

ЖАЙБАРАҚАТ ЖҮРМЕҢІЗ Аурудың жақсысы жоқ

– Егер эрозия әйелде жайсыздық, қабыну не басқа да патологиялық өзгерістер тудырмаса, гинекологтың тұрақты бақылауында болу жеткілікті. Эрозия физиологиялық болуы және емдеуді қажет етпеуі мүмкін. Ауырсыну, нормадан тыс бөліну немесе қабыну сияқты белгілер болса, емдеу қажет. Қабынудың себебін жою маңызды, ол инфекциямен немесе басқа факторлармен байланысты, – дейді Айбарша Тәжекова.

Гинеколог жатыр мойны эрозиясы инфекциялардың, дисплазияның (ісік алдындағы жағдай) және жатыр мойны обырының даму қаупін арттыруы мүмкін екенін де атап өтті. Мұндай жағдайда мұқият бақылау және емдеу қажет. Емдеу консервативті болуы мүмкін, ол қабыну процесін болған кезде қолданылады. Яғни бактерияға, вирусқа, сондай-ақ қабынуға қарсы препарат қолданылады. Физикалық емдеу әдістері: криодеструкция – патологиялық тінді жою үшін төмен температура арқылы әсер етуі; лазерлік терапия – зақымдалған эпителийді жою үшін лазерді қолдану; диатермокоагуляция – коагуляциялық (ұйған) тіндерге жоғары жиілікті тоқтың әсер етуі; радиотолқын терапиясы – ауру аймақты жою үшін радиотолқынды пайдаланады. Хирургиялық араласу, дәрігердің айтуынша, эрозияның ауыр түрінде немесе дисплазия болған жағдайда қолданылады.

– Жатыр мойны эрозиясының даму қаупін азайту үшін тұрақты гинекологиялық тексеруден өту, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу үшін контрацепцияның тосқауылдық әдістерін қолдану, дұрыс тамақтану және жаман әдеттерден бас тартуды қоса алғанда, жеке гигиенаны сақтау керек, – деді Айбарша Тәжекова.

Аталған алдын алу іс-шаралары денсаулықты сақтауға және ауыр аурулардың асқынуының алдын алуға көмектесетіні сөзсіз.



РЕАБИЛИТАЦИЯ

ИНСУЛЬТ АЛҒАН ПАЦИЕНТТЕР қалыпты өмірге оралуда

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухананың нейрореабилитация бөлімінде инсульт пен жарақат алған 2 мыңнан астам адам денсаулығын қалпына келтірді. Бөлімше мегаполистің ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен келген науқастарды қабылдайды.

Солардың бірі – 58 жастағы Баян Қонақбаева Алматы облысының Қарасай ауданынан келген. Инсульттен кейін оң жағы толық жансызданып қалған, ол өздігінен тамақ ішіп, жүріп-тұра алмайтын. Қазір осында МӘМС шеңберінде медициналық оңалтудың үшінші курсынан өтіп жатыр.

Жалпы, реабилитация – МӘМС қаражаты есебінен жүргізілетін қымбат медициналық қызметтердің бірі. Пациенттер бөлімшеде күн сайын жеке кинезиотерапия, ПНФ, Бобот әдістерімен емдік дене шынықтыру, массаж, магнитті терапия, бұлшық етті электр тоғымен стимуляциялау, логопсихикалық реттеу сынды ем түрлерін қабылдайды.

«Инсульт алған пациенттер бізге толық тексеріліп, ем курсы бітіргеннен кейін келеді. Біздің ауруханада олармен түрлі салалық дәрігерлер, әдістемеші-инструктор, емдік дене шынықтыру мамандары, логопедтер мен психологтардан құралған мультидисциплинарлық команда жұмыс істейді. Біздің бүгінгі кейіпкерімізбен Арай Есетай дейтін инструкторымыз айналысты», – дейді Айнұр Досыбаева.

Инсульт алғаннан кейін бір сағат ішінде ауруханаға жеткізілген пациентті емдеп жазу мүмкіндігі жоғары. Сондықтан тілдің күрмелуі, аяқ-қолдың ұюы, беттің жансыздануы сынды белгілер байқалған кезде бірден жедел жәрдем шақыру қажет дейді маман.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде екінші кезеңдегі оңалтудан инсульт алғаннан кейін жарты жыл ішінде өтуге болады. Жолдаманы жергілікті емхана дәрігерлері береді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Баян ҚОНАҚБАЕВА, 58 жастағы емделуші:

ҚАТАРҒА ҚОСЫЛДЫМ

Оңалтудың бірінші курсынан кейін сал болып қалған қолымды қозғалтып жаттыға бастадым. Ал екінші курсынан соң таяққа сүйенбей өзім жүріп кеттім. Есте сақтау қабілетім нашар болатын. Берілген жаттығуларды кинезиотерапия кабинетінен шыққан бойда ұмытып қалатындықтан бастан-аяқ телефонға түсіріп алып жүрдім. Енді, міне, үшінші кезең бітуге жақын қалды, қазір үшбұрыш, шеңбер, шаршы, жұлдыз сынды пішіндерді салуды үйрендім. Жазуды қайта үйренуге деген құлшыныс пайда болды, дәрігерлерге деген алғысымды өз қолыммен жазып отырмын. Емдеуші дәрігерімнің айтуынша, үшінші курстан кейін аяғым мен қолымдағы бұлшық еттердің күші 4 балға дейін артқан (норма бойынша 5,0 балл). Осылай бізді қатарға қайта қосып жатқан дәрігерлерге мың алғыс!

ӨЗЕКТІ

ВИЧ – ҮКІМ ЕМЕС

Бұл вирусты жұқтырып алған әйелдер өмірге дені сау бала әкеле алады

Бүгінгі күні Алматы қаласы ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығында диспансерлік есепте АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) диагнозы бар 4525 адам тұр. Алматыда жылына шамамен 400–500 адам АИТВ-инфекциясымен өмір сүретіні туралы біліп жатады.

Жыл сайын ЖИТС орталығының мамандары АИТВ-на 450 мыңға жуық зерттеу жүргізеді, қызмет көрсету саласы халықтың шамамен 15–20% немесе мегаполис халқының бестен бір бөлігін қамтиды. Әрбір алматылық АИТВ-на тестті тегін және құпия түрде, қалауы бойынша жасырын түрде, тіркелген жері бойынша емханада немесе ЖИТС орталығында тапсыра алады.

– Әсіресе, болашақ аналар дәрігерлердің ерекше назарында. Елде барлық жүкті әйелдер үшін екі реттік жоспарлы тестілеу енгізілген, бұл әйелдерде АИТВ-ын ерте диагностикалауға мүмкіндік береді. Егер әйелде АИТВ анықталса, оған дереу жеке схема бойынша тегін антиретровирустық терапия (АРТ) тағайындалады. Бұл жағдайда АИТВ-ның анадан балаға берілу қаупі іс жүзінде 0–2%-ға дейін төмендейді. Бүгінде қалада АИТВ-мен ауыратын әйелдердің 99%-ы дүниеге дені сау бала әкеледі, – дейді Алматы ЖИТС орталығының директоры Марат Төкеев.

Балаға туғаннан кейін бірден сироп түрінде профилактикалық ем тағайындалады, сосын 1,5-2 жасқа дейін ЖИТС орталығының дәрігерлерінің тұрақты бақылауында болады және бір жыл ішінде БМСК тегін сүт қоспаларымен қамтамасыз етіледі. Осы кезеңде бала АИТВ-ға бірнеше рет тексеруден өтеді. Егер 18 айға дейін тесттер теріс нәтиже көрсетсе, бала диспансерлік есептен шығарылады. Бұл оның сау екенін білдіреді.

АРТ тиімді емдеу арқылы вирустың таралуын бақылауға және оны болдырмауға болады, бұл АИТВ-мен ауыратын адамдарға салауатты, ұзақ және сапалы өмір сүруге мүмкіндік береді. Егер АИТВ-мен ауыратын адамда анықталмайтын



вирустық жүктемесі болса, онда ол вирусты басқаларға жұқтырмайды. Мамандардың айтуынша, кейінгі 10 жылда Алматыда ЖИТС-тен өлім-жітім көрсеткіші 1,7 есе төмендеді.

Алматы – елімізде жанасуға дейінгі профилактиканы енгізе бастаған алғашқы қалалардың бірі. Бұл АИТВ-инфекциясының алдын алудың тағы бір әдісі. Ол ықтимал инфекцияның алдын алу мақсатында АИТВ-мен ауыратын адамдармен антиретровирустық препараттарды үнемі қабылдаудан тұрады. 602 алматылық жанасуға дейінгі профилактика препараттарын тегін алады. Қалада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған барлық 12 профилактикалық бағдарлама енгізілген.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



САҒИ ЖИЕНБАЕВ – 85

Тақаппар таулар жол бөген,
Тотықпай жүзің жел, күнге.
Көкала шыңнан өрмелеп,
Көктемім, аман келдің бе?

Қолына қалам ұстаған ақынның көктем туралы тебіренбегені кемде-кем шығар-ау. Сағи Жиенбаевтың көктемге деген сағынышы, ілтипаты тіпті бөлек. Көктемнен күтері де көп еді. 60 жылдық ғұмырында 60-қа тарта кітап жазған ақынның кез келген жинағында көктем туралы кемінде оншақты өлең бар. Өзінің де мінезі көктемдей жұмсақ, көңілі шуақты, жанының жылуы мол. Қашан көрсен де қыр самалындай ыстық леп бойынды баурап, жаныңды жаулап алатын.

Табиғаттың ең тамаша шағы – көктем мен Сағиды байланыстырып тұрған тек ақындығы ғана ма? Меніңше, жаратылыстың заңдылығы болса керек. Сағи көктем айында – мамырдың бел ортасында дүние есігін ашқан ақын. Адам мінез-құлқының туған айының жаратылысына ұқсайтыны шындыққа саятын сияқты.

«Мен туыппын ақпандатқан боранда,
Мінезім бар алай-дүлей сонан ба!», – деп Ізтай ақын бекер айтпаған болар.

Көктем – табиғаттың жастық шағы. Жастықтың жігерлі келетіні, жалынды болатыны, өршіл екені, алапат күшке иелігі рас. Мұндай қасиеттер Сағидың бойында да бар еді. Ол өрлік пен тәкаппарлықты азаматтықтың аясынан асырмады. Тасырлықты тапқырлыққа, адуындылықты ақылдылыққа ауыстырды. Бойындағы тасып тұрған тасқынды жырға берді. Көктемнің қытымырлығы мен өрлігін өлеңіне сіңіріп, шуағын оқырманға сыйлады. Сағи жырлары жасындай жаркыл қағып, оқырман жанын нұрға бөлеп, сырға кенеп тұрады. Көктем мен Сағиды бөле жарып қарауға болмайды. Өңгіmemізді ақынның көктем туралы жырларынан бастауымыздың себебі де, міне осыдан.

Сағи өмірдің өз жыршысы. Өмірді әлем-жәлем етіп боямай, осылай болады-ау деп болжамай қаз қалпында жырлайды. Қай өлеңін оқысаң да, көз алдына уғын-шуғын өмір келеді. Оның қырық қатпарлы астарын көзің көріп, көңілің сенеді. Ақын күдіреті, өлең күдіреті деген осы емес пе? Кезекті ақын жырына берейік:

Желдетіп сыртта күз күні,
Қағып тұр әйнек, есікті.
Жантайып ана мызғыды,
Тербетіп қойып бесікті...
Тулады теңіз... бәрі бір,
Сезетін емес бұл бірін.
Сезеді бірақ сәбидің –
Селк ете қалған қимылын...
Сен үшін – белді бұған ем,
Мүмкін бе менің тыншуым:
Естимін мен де, туған ел,
Кеудеңнің әрбір дүрсілін!

Отанын сүйген, елін қастерлеген азамат ақынның ғана қаламынан туатын жыр бұл. Ұйқы қысып маужыраған, тіршілік теперішіннен қалжыраған ана төңірегіндегі табиғаттың дүлей құбылысын сезер емес, бірақ қанша шаршағанымен сәбиінің әр қимылын аңғарып жатыр. Ақын да туған елінің қас-қабағын, жүрек дүрсілін осылайша қалт жібермейді. Ол халық жоқшысы, ел тілекшісі. Ақынның осындай бейнесін Сағи нанымды суреттей білген. Еліне шынайы сүйіспеншілігін ананың перзентіне деген махаббаты арқылы жеткізіп отыр. Сезіміне сендіреді, сөзіне иландырады. Жәй «сүйемін», «күйемін» десе оқырманға әсері пәлендей болмас та еді. Оқырман құлағын ондай сөздер әбден сарсаң қылған. Өлең салыстырмалы түрде берілгендіктен де ұтымды болып, дйттеген жеріне жетіп тұр.

«Суретші» өлеңін алайық. Әуежайда үлкен ұшақ ұшқалы тұр. Билет тексеретіндер бәрін жіті қадағалап, жолаушылардың заттарын елеп-екшеп, ұшатын алаңға өткізіп жатыр. Қолындағы ауқымды затын барынша шеберлікпен буып, сыртын жібекпен ораған жігітке кезек келгенде тексеруші: «Мұндай затты зат қоятын орынға өткізу керек еді. Бірге алып жүруге рұқсат жоқ» дейді дауыс көтеріп. Сыпайы жігіт кимас дүниесін не тастай алмай, не ілгері бастай алмай тұрып қалады. Осы бір дағдарыс сәтті ақын былай-ша суреттейді:

Жүзіне қарап әркімнің,
Абдырып қалды шынымен:
– Суретшіі ем...
Туған ауылымның
Бейнесін ала шығып ем.
Салып ем –
Талай жыл жүріп,



АЛАТАУҒА КҮН ӨРМЕЛЕН КЕЛЕДІ...

Алматысын ақтарыла жырлаған ақын

Секілді қазір бөбегім.
Тастай ма біреу бүлдіріп,
Бірге алып жүрсем деп едім...

Анаға сәбиі, ақынға жыры, суретшіге суреті қымбат. Әрқайсысы өз туындыларын жанын салып қорғайды. Өйткені, өмірге жанын салып әкелді ғой... Туған жерінің суретін алдына қапсыра ұстаған суретші алаңсыз ұшып барады. Отанын сүюден, туған елі мен жерін қорғаудан алдына жан салмайтын қазақтың бүкіл дәстүрі, салты мен ғұрпы 7 шумақ өлеңге сыйып тұр. Өлең былай аяқталады:

Аспан мен жердің арасын
Келеді шарлап құс аппақ...
Өзінің туған даласын
Жас жгізім отыр құшақтап.

Ғажап емес пе? Туған жерін бөбегіндей алдына алып отыр. Шетсіз де шексіз даласы құшағына сыйып тұр. Бабаларымыз ұлан-ғайыр даласын тек сойылмен және найзамен ғана қорғаған жоқ қой, айбынды жүрегімен, ақ-адал махаббатымен де қорғаған. Қазақтың байтақ даласы – Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың, Сыр мен Жайықтың арасы – туған жерге деген мәңгілік мөлдір махаббаттың жемісі әрі панасы.

Сағи оқиғаға (сюжетке) құрылған өлең жазуға өте шебер. Дұрысы оқиғалы өлеңнің шебері. Кез келген ақын оқиғалы өлеңге бара бермейді. Жеке өзінің немесе кейіпкерінің көңіл күйін жеткізудің өзі аз азап емес. Ал оқиғаны жеткізу, оған қатысшылардың мінезін ашу қиынның қиыны емес пе?

...Сұрапыл соғыстың кезі. Елде аштық пен тапшылық. Сүттен басқа қорек жоқ. Ол да көп отбасынан табыла бермейді. Танаға да, балаға да сүт керек.

Сауу керек үшінші рет,
Соңғы рет,
Бұзауы тұр жіберсе екен енді деп.

Ол да – бала,
Мен де – бала бүлдіршін,
Екі бала елеңдейміз мөлдіреп.

Ішкі тартыс, толғаныс, арпалысқан үміт пен күдік. Тағдыр тартысы...

Жауып-жауып, өте шыққан
бұлттардай,

Үшінші рет...
Қояды енді түк тамбай,
Жалғыз ғана өзіне аян бір сырды
Жануарың ішке бүгіп тыққандай.

Сиыр бұзауым емсін деп денесін жиырып, бойындағысын бергісі келмейді.

Ана балам ішсін деп, желінін төмпештейді. Қанша төмпештесе де іімейді, желіннен сүт тамбайды. Оның сыры сиырға ғана мәлім. Ұзақ күн өрісті кезіп жиған сүтін ашыққан бұзауына бергісі келеді.

Мыңқ етпейді –
Секілденіп жоқ есі,
Әлсіз ғана қалтырайды денесі.

Ең нәрлісін,
Ең дәмдісін –
Соңғысын

Бұзауына сақтайды екен енесі.

Міне, соңғы айналым басталды. Сүттің қоюы, маңыздысы шелекке енді тамады. Ана көбірек сауып алсам деп, сиыр көбірек іркіп қалсам деп тартысады.

Соңғы иінді...
Ең қиыны осы ара.
Осы арада –
Арбасады қос ана.

Екеуінің екі түрлі тілегі,
Екі тілек қосылмайды – не шара?!

«Сүт туралы балладасы» осындай тағдыр тартысынан тұрады. Өмірден ойып алынған өлеңдер осындай болуы тиіс. Мұндай жыр жазу үшін оқиғаны бастан өткізу шарт емес. Тағдырдың талай тауқыметін тартқан суреткерлер бар, бірақ оқырманға көргенін жеткізуге келгенде көбісі шорқақ. Баллада-ның кереметтігі ақынның оқиғаны өз басынан өткізгендігінде емес, жазылу шеберлігінде. Әр сөздің өз орынында тұруында. Оқиғаның өз іретімен өрбүінде. Қысқасы, Сағи ақынның күдіреттілігінде. Балладаны оқығанда енді не болар екен деп өбектеп, оқиғаға өзіңнің араласып кеткеніңді де білмей қаласың. Сиырды да, ананы да, бұзауды да, баланы да аяйсын. Тағдырға налисың. Сөйтіп отырып өлеңге риза боласың, ақынның шеберлігіне тәнті бола-сың. Бір баллада бір дәуірдің жүгін көтеріп, мұнын жеткізіп тұр.

Туған далам,
Сенің аппақ көп құсың
Кең дүниенің шарлап-сүзіп кетті ішін...
Бір жарық етіп түспедім ғой көзіңе,
Мені ұмытып бара жатқан жоқпысың?! –

деп жазыпты ертеректегі бір өлеңінде. Ақын көңілінде жылтырақ дүние өтімді болып тұрған заманда назардан тыс қалып қойған жоқпын ба деген күмән да жоқ емес.

Көзі тірісінде атақ-даңқ қумағандығы, елдің алдына көп шықпағандығы, халықтың

көзіне жиі түспегендігі белгілі ғой. Халық ақық пен жасықты ажырата біледі. Өз перзентін есінен шығарған жоқ. Ақтөбедегі облыстық жасөспірімдер кітапханасына ақынның есімін берді. Байғанин ауданы орталығындағы бір көше және туған ауылын-дағы мектеп Сағи Жиенбаевтың есімімен аталады.

Мөлдіреп тұр Алматының аспаны,
Жан-жағыңның жасыл бәрі,
Жас бәрі.
Оянды ерте жас көктемнің лебімен
Орбитасы,
Микроаудан,
Тастағы...

Немесе:
Уақыт жоқ жайбарақат,
Тынысқа,
Кетті кіріп құрылысқа...
Құрышқа...
Алатауға күн өрмелеп келеді,
Күллі Алматы –
Кірісті ұлы жұмысқа.

Қазақтың маңдайына біткен мың жылдық тарихы бар сәнді Алматының, таңғы Алматының бейнесін осылайша жырлайды. Алматыға 15 өлең арнаған (көбісінің қазақ-тың белгілі композиторлары жазған әні бар) ақынға Алматының бір көшесі немесе бір мәдени-ағарту орны бұйырмағаны қынжы-ларлық-ақ жағдай.

Бөлмеймін сені, байтағым,
Теңіз деп,
Тау деп,
Дала деп...
Жайлауға шығып қайтамын
Жамылып түнді қаракөк.
Тау шыңы,
Теңіз айдыны...

Қырларың,
әнші құстарың –
Бақытым менің барлығы,
Барлығы Қазақстаным!
Немесе:
Сағынтып талай жыр туар,
Оралар әлі-ақ сан жыршы.
Даламның иісі бұрқырап,
Қарттарым, аман-сау жүрші!

Қазақтың ұлан-ғайыр жазирасын, оның ел-жұртын бөліп-жармай барлығын бірдей сүйген, бірдей жырлаған сайын даланың сақи ақыны Сағи Жиенбаевқа қазақтың әр қаласынан көше берсе де артықтық етпес еді-ау...



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

BIL STAR–2024

АЗАТ ЕЛДІҢ ОЗАТ ОҚУШЫЛАРЫ

«Лицей мақтанышы» статуетімен марапатталды

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары ашылған білім ошағының бірегейі – Білім-Инновация лицейі. Бұл күні аталмыш білім шаңырағы қазақ білімінің мақтанышына айналып, еліміздің өркендеуіне зор үлесін қосып келеді.



Оқу жылының аяқталуына орай, мектеп қабырғасында «Bil Star–2024» атты озаттар шеруі өтті. Онда оқу жылы барысында тәлімді тәрбиесімен қатар, озат білімімен көзге түскен оқушылар арнайы «Лицей мақтанышы» статуетімен марапатталды. Озаттар қатарында Халықаралық пәндік олимпиадалар мен өнер, спорт жеңімпаздары бар. Салтанатты марапаттау шарасы ашық аспан астында өтіп, озаттар қызыл кілем үстімен жүріп өтті. Барша мектеп мақтаныштарын лицей директоры Эльбрус Пириев құттықтады.

– Биыл біздің лицей оқушылары тамаша көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Баланың білікке жетуі, әрине, ата-ана үшін зор мақтаныш. Сондықтан мектебімізде ата-аналардың қатысуымен «Озаттар шеруін» өткізіп отырмыз. Лицейімізде 378 оқушы қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілінде білім алады. Жалпы, біздің лицейде 6 пән ағылшын тілінде өтеді. Негізгі бағытымыз жаратылыстану болғандықтан, математика, физика, химия, биология, информатика, пәндері ағылшын тілінде өтеді. Осы жылдың өзінде лицейде білім алып жатқан 150 оқушымыз түрлі олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпазы атанып отыр, – дейді Эльбрус Камалұлы.

Аталмыш лицей оқушыларды 6-сыныптан кейін қабылдайды. Биыл 2140 оқушы құжат тапсырса, олардың тек 75-і ғана қабылданып отыр. Мектеп оқушыларының 80-ге жуығы робототехникамен айналысады. Осы жылдың өзінде олар 5 мемлекетке барып, жүлдемен оралды. Жакында Алматы қаласында өткен «Балафест» байқауында да Гран-приді ұтып алды. Санаулы күнде лицейдің 10 оқушысы робототехника бойынша Австралияға баратын болады. Биылғы лицей бітіргелі отырған 78 түлек әлемнің ең үздік оқу орындарының грант иегерлері.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҰЛТТЫҚ БАНК

МОНЕТАЛАР САТЫЛЫМҒА ШЫҚТЫ

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы «Есте қалатын оқиғалар мен біртұар адамдар» сериясымен «Еуразиялық экономикалық одақ, 10 жыл» коллекциялық монетасын сатуды Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы жүзеге асыра бастады.

Аталған коллекциялық монеталар Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ұйымның 10 жылдығына орай естелік монеталар шығару туралы ұсынысына сай дайындалды. Дизайн негізінде ЕАЭО-ның ресми логотипі мен ЕАЭО-ға қатысушы елдердің мемлекеттік туларының композициясы пайдаланылды.

Коллекциялық монеталар ҚР бүкіл

аумағында өздерінің белгіленген құнына сай, төлемнің барлық түрінде қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шотына есепке алынуға, аударуға, ұсақталу мен айырбасталуға жатады. Монеталар Қазақстан Теңге сарайында дайындалды. Мобильді қосымшаны PlayMarket пен App-Store дүкендерінен жүктеп алуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы №115 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 23 мамырда №196930 болып тіркелді.	
2024 жылғы 14 мамыр	ШЕШІМ №115
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ	
«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:	
1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.	
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	М.ОТЫНШИНЕВ
Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы №115 шешіміне қосымша	
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ	
1. «Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №147 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1404 болып тіркелген).	
2. «VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXI сессиясының «Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №147 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 22 қаңтардағы №314 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1529 болып тіркелген).	
3. «VI сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXI сессиясының «Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №147 шешіміне толықтыру енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 27 мамырдағы №359 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1566 болып тіркелген).	
4. «Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №47 «Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы №491 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1653 болып тіркелген).	
5. «Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №147 «Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне толықтыру енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 сәуірдегі №31 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1702 болып тіркелген).	

ХАБАРЛАНДЫРУ

«№2 кәсіптік мектеп» БСН 990440008608, коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға бірігу жолымен өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды.

Алматы қаласы Білім басқармасы «Алматы жолашушылар көлігі және технологиялар колледжі» Муниципалдық мемлекеттік қазыналық БСН 130840003574 шағымдар Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 219 Б мекенжайы бойынша 2 ай ішінде хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады.

Тел.: 233-68-58.

ЕСКЕ АЛУ

Жарқын бейнесі мәңгі өшпейді

Ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасының білім беру саласының үздігі Самекбаева Рымжан Қалымбекқызы биыл 2024 жылдың 1 маусымында 80 жасқа толар еді. Ол Семей облысы, Суық-Бұлақ ауылында дүниеге келген.

Орта мектепті үздік бітіріп, Семей педагогикалық институтының Математика факультетін бітіргеннен кейін туған өңірінде ұстаздық қызметін бастаған. Суық-Бұлақ мектебінде 20 жыл математика пәнінен сабақ беріп, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды.

1987 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы қаласының №112 мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып қызмет етті.

Өкінішке қарай, 1997 жылы небәрі 53 жасында жүрек талмасынан қайтыс болды.

Бар ғұмырын ұстаздық жолға арнаған Рымжан Қалымбекқызы қызметін үлкен жауапкершілікпен, абыроймен атқарды. Еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасы «Білім беру саласының үздігі» төсбелгісімен, Білім министрлігінен, облыс, аудан тарапынан түрлі марапаттауға ие болды. Одан білім алған, тәрбие көрген шәкірттері еліміздің дамуына өз үлестерін қосып, ұстаз сенімін ақтауда.

Өзі өмірден өткенмен, ұлағатты ұстаздың жарқын бейнесі шәкірттерінің жүрегінде мәңгілік сақталады.

Сағынышпен еске алушы – туыстары мен шәкірттері атынан
Жанар КАЛХАНОВА.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефоны
арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

«АЛМАТЫ КІТАП»



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«АРТЫҚ БІЛІМ – КІТАПТА...»

Алматыда «BookVibe» кітап көрмесі өтті

Ернұр
РЫСБАЙ

(Басы 1-бетте)

– Бұл іс-шараға өзімнің кітаптарым мен шығармашылығым жайында айтуға шақырды. Ол үшін мен қуаныштымын. Қазіргі уақытта көптеген кітаптарды дамыған технологиялар арқылы аударуда. Меніңше, бұл дұрыс емес. Себебі, бұл жерде автордың стилін ғана емес, эмоциясын да жеткізе білу керек. Сондықтан аударманы адам жасағаны абзал. Қазіргі қоғамда авторды тек кітаптың авторы деп емес, оны тұтастай қабылдайды. Кеңес Одағы кезінде біз бірегей халық едік. Кейін бәрі өзгеріп, ұлт жайында ойлай бастады. Мен өзім полякпын. Қазақстаннан екінші үйін тапқан ұлттар жайында зерттей бастадым. Ал оның нәтижесін өзімнің романым арқылы жеткіздім, – дейді Юрий Серебрянский.

Алып шаһармызда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру үшін көптеген іс-шаралар өткізілуде. Кітаптың адамзат үшін маңызы жоғары. Алматы қаласының орталығында өткен «BookVibe» бір реттік жоба емес. Алдағы уақытта бірнеше рет өткізу жоспарда бар екенін ұйымдастырушылар алға тартып отыр.

– Кітап баспаларының көрмесі мен кітап авторларымен кездесу «BookVibe» жобасы аясында жүзеге асуда. Бұл жоба Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өткізілуде. Сонымен қатар, жоба аясында жоғары оқу орындарында, мектептерде кітап авторларымен кездесу ұйымдастырылуда. Шалғай аудандардағы кітапханаларды да бұл жоба назардан тыс қалдырмады. Қайырымдылық акциялары да өткізілуде. Қазіргі уақытта «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында онлайн-марафон өтіп жатыр. Марафонды жыл соңына дейін екі рет өткізу жоспарланып отыр. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Сонымен қатар, бізде кітап алмасуға мүмкіндік бар. Яғни тұрғындар өз кітапта-

рын алып келіп, басқа кітапқа ауыстыра алады, – деді ұйымдастырушы Нұрислам Оразалыұлы.

Кітап оқудың пайдасы өте көп. Кітап білім береді, оқушының дамуына көмектеседі, тәжірибелерін арттырады және жаңа көзқарас қалыптастырады.

Кітап оқу – адамның ой-санасын дамытуға көмектесетін және олардың шығармашылық бағыттарын жақсартуға мүмкіндік беретін ұстаз. Кітапты оқу адамдармен қарым-қатынасты арттырады. Өмірге деген көзқарасты, қызығушылықты өзгертеді. Кітап адамға кәсіби білім мен практикалық мәліметтерді ұсынады. Кітап оқудың арқасында адамдар жаңа қабілеттерді игереді, жан-жақты болады.

Кітап көп жағдайда адмаға пайдалы қасиеттер дарытады. Кітап оқу өмірді танымастай өзгертуге қауқарлы. Оның арқасында адамның ойлау жүйесі жақсарып, сөз саптауы артады. Керек десе, кез келген саланы меңгеруге мүмкіндік бар. Қазіргі уақытта жастар арасында кітап оқылмайды. Себебі, қызығушылығының бәрі виртуалды өмірмен байланысты. Оқушылар мен студенттерге ұстаздары талап етпесе, бір бетін де ашуға зауқылары жоқ. Сондықтан осындай жобалардың кітап оқушылар санын арттыруға қосатын үлесі зор.

СЫРЛЫ СӨЗ

АЛМАТЫДАН СӘЛЕМ ХАТ!

Қазір ауылдағы ғана емес, сонау мұхиттың арғы бетіндегі адаммен де дәл жаныңызда тұрғандай тілдесе бересіз, яғни бейнеқоңыраумен де сөйлесе қоямыз. WhatsApp арқылы аудиожазба да жөнелте саламыз жақынымызға. Сөйтіп, бір-біріміздің дауысымызды естіп, мәз боламыз.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Смайликтер де сүйкімді

Оны айтасыз, уақыт тапшылығын, жұмысбастылығымызды сылтауратып, көп сөйлеп жатқымыз келмей, Facebook, Instagram, Telegram, ВКонтакте, WhatsApp болсын, бір-бірімізге деген сезімімізді, қуанған, қолдап, қолпаштаған ойымызды немесе

мұңайған, ренжіген, қиналған сәттерімізді саусақ ұшымен басып кеп қалып, бір ғана смайликпен білдіре салатын болғанбыз. Оны бесіктегі бала тұрмақ, еңкейген кәріге дейін меңгеріп алған.

Иә, түрлі эмоцияңызды білдіру үшін бірінен бірі өткен сары смайликтерді «жұмсап» қойып отыра бересіз. Олар тек шаттанып, күліп қана қоймайды, көзін қысып, бас бармағын көрсетеді. Қуанышыңызға ортақтасып, қолын жайып бата беретіні хәм «әумин» дейтіні де бар. Құшақтасып «көрісетін» стикерлер де тартымды. Қайғылысы, қаталы, айлакері де жоқ емес. Тіпті, ренжиді де. Тілін шығарып сізді мазақтайды да. Біреумен WhatsApp-тан әлдебір шаруаны ақылдасып отырып, жауап жазуға уақытыңыз тығыздау боп тұрса, «окейді» жібере саласыз. Ал дәл сол сәтте ауырып жатсаңыз, басын таңған, аузына градусник тыққан немесе бетперде таққан смайликті де жөнелте қоясыз. Жалпы, жатқан бір әлем.

Бәрі жаһандандудың жаңалықтары. Осындай мүмкіндіктер кеңінен, молынан тұрған соң, бүгінде ешкім бір-біріне хат та жазбайтын болған. Ал ақ парак бетіне түсірілетін әріптерде адамның ішінде бұғып жатқан, сыртқа шығарып айтуға батылы жете бермейтін, екі тарапты да қуанышқа бөлейтін немесе ойландыратын небір сырлы сөздер,

сезімдер жататын! Жоқ, біз хат жазатын адамды таптық. Ол Ұлттық ұланның Алматыда орналасқан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 3650 әскери бөлімінің сарбазы Бейімбет СЕРЕЖА. Кәне, хатын бірге оқыық.

Өздеріңізді сағындым!



мансыздар ма, әке, анашым! Қалдарыңыз қалай, шаруаларыңыз жүріп жатыр ма? Үйдәгілер, ауыл-ел аман ба? Қандай жаңалықтар болып жатыр?

Апта сайын өздеріңізбен таксофон арқылы хабарласып тұрып, қысқа ғана амандықтан басқа ештеңе айта алмайды екенсің. Ал бүгін әскерге келгелі менің өмірімнің өзгергенін, әрине, жақсы жағына қарай, өздеріңе айта алмай жүрген ыстық сәлемімді хат бетіне түсіріп жолдағым келеді.

Бүгін міне, әскерге келгеніме бес айдың жүзі болды. Бұл да бір ер жеткен әрбір азаматтың міндетті түрде өтуі тиіс мектебі екен. Мен мұнда келгелі өзімді әлдеқайда есейіп кеткендей сезінемін. Қолымызға қару алып, қасқайып саппен жауынгерлік қызметке аттанған сайын, бойымда еліме, Отаныма деген үлкен сүйіспеншілік артып, рухым ояғандай болады.

Бір ротада бәріміз бір үйдің баласындай бауырмыз, доспыз. Күнделікті таңмен таласа оянып, жаттығуға кірісеміз, әрі қарай сабақтар, жаттығулар, жауынгерлік қызмет күн тәртібі бойынша жалғасып кете

береді. Демалыс күндері киноға, музейге, саябақтарға барамыз. Мереке күндері концерттер, жарыстар, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып тұрамыз. Мен әскерді мүлде басқалай елестетіп едім.

Әрине, мұнда тәртіп қатал, онсыз болмайды. Командирлер мен сержанттардың айтқанын бұлжытпай орындаймыз. Бұйрық пен тәртіптің арқасында әскерде артық қымыл да, іс-әрекет те жоқ. Үйдегі ерлік те жоқ. Мұнда уақыттың, жаныңа жақын адамдардың қадірін түсінеді екенсің.

Қазір бізден алты ай бұрын келген қарулас достарым үйлеріне қайтуға дайындалып жатыр. Олар кеткен соң бізге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Жас сарбаздар келіп қатарымызға қосылғанша, жауынгерлік қызметті жіті атқаруға тура келеді, сенімге селкеу түсірмеуге тырысып жүрміз. Осылайша әскердегі қызықты күндерім өтіп жатыр.

Әрине, өз үйіңе оралу ерекше сезім ғой. Бұйырса, мен де сол күнді асыға күтіп жүрмін. Мені ойлап уайымдамаңыздар, ұлдарыңыз абыроймен әскери міндетін атқарып жүр. Өздеріңізді сағындым!



Сәлеммен, ұлдарыңыз Бейімбет, 28.05.2024.